



«Қастастық тілін» түсіндіру: Практикалық құрал

2015 жылғы редакция

ARTICLE 19

Free Word Centre
60 Farringdon Road
London,
EC1R 3GA
United Kingdom

T: +44 20 7324 2500
F: +44 20 7490 0566
E: info@article19.org
W: www.article19.org
Tw: [@article19org](https://twitter.com/article19org)
Fb: facebook.com/article19org

ISBN: 978-1-910793-25-1

© ARTICLE 19, 2019

Бұл жұмыс 2.5 Creative Commons Attribution-Non-Commercial-ShareAlike лицензиясымен жасалды. Сіз бұл жұмысты келесі шарттар сақталғанда көшіре, тарата, көрсете және бұл жұмыста негізделген туынды жұмыстарды әзірлей аласыз:

- 1) ARTICLE 19-ға сілтеме жасалады,
- 2) бұл жұмыс коммерциялық мақсаттарда қолданылмайды,
- 3) бұл жұмыста негізделген кез келген жұмыстар ұқсас лицензиямен таратылу қажет.

Аталған лицензияның толық заңдық мәтіні келесі сілтеме арқылы қолжетімді:

<http://creativecommons.org/licenses/by-nc-sa/2.5/legalcode>

Бұл есеп Нидерланд Сыртқы істер министрлігі мен Ұлыбритания Сыртқы істер және Достастық істері министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалды.

Бұл құрал неге арналған?	3
I бөлім: «Қастастық тілін» анықтау	5
Ой еркіндігі мен сөз бостандығы деген не?	6
Теңдікке құқық деген не?	8
«Қастастық тілі» деген не?	9
«Қастастық тілінің» объекті кім?	13
«Қастастық тілі» терминін неге қолдану қажет?	16
Ұсынылатын «қастастық тілі» типологиясы	18
«Қастастық тілі пирамидасы»	19
Тыйым салынуы тиіс «қастастық тілі»	20
Тыйым салынуы мүмкін «қастастық тілі»	22
Заңды «қастастық тілі»	22
«Қастастық тілі» мен «қастастық салдарынан болған қылмыс» - бірдей ме?	24
Қандай сөздер автоматты түрде “қастастық тіліне” жатпайды?	28
Ерекше намысқа тиетін сөздер	28
Құдайға асылық ету немесе «діндер диффамациясы»	29
Тарихи оқиғаларды мойындамау	32
Террористік актілер мен зорлық-зомбылық экстремизмге азғыру	34
«Мемлекет» пен билік өкілдерін қорғау	37
«Диффамация», жала	40
II Бөлім: «Қастастық тіліне» әрекет жасау	41
1) Сөз бостандығы мен теңдік құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасайтын орта құру	42
а) Сөз бостандығы құқығын іске асыру жағдай жасайтын орта	42
б) Теңдік пен кемсітпеушілік құқықтарының толық қорғалуын қамтамасыз ету	46
2) Мемлекеттік саясаттың оң шаралары	50
Шыдамсыздықтың бар болуын мойындау және оған қарсы тұру	50
Теңдік мәселелері бойынша оқыту	52
БАҚ-та плюрализм мен теңдікке бағытталған мемлекеттік саясат	53
Қоғамдық білім беру және ақпараттық науқандар	56
Трансформациялық сот төрелігі	57

3) Басқа мүдделі тараптардың еркін бастамалары	58
Азаматтық қоғамның бастамалары	58
Беделді қатысушыларды жұмылдыру және институционалды альянстар	59
Тәуелсіз және плюралистік БАҚ-тың рөлі	59
Интернеттегі делдалдардың рөлі	61
Әр түрлі топтар арасындағы байыпты диалогтың рөлі	66
III Бөлім: «Қастастық тілін» шектеу	67
Геноцидті орындауға тікелей және жария түрде азғыру	69
Кемсітушілікке, дұшпандыққа және зорлыққа азғыратын кемсітуші қастастыққа негізделген насихат	71
ХАСҚП 20(2) бабының өзекті элементтері	72
Сөз авторының мінез-құлқы	75
Қауіптілік дәрежесі	79
Азғыру үшін құқықтық санкциялар қылмыстық жазамен ғана шектелмеуі қажет	83
ХАСҚП 19(3) бабына сай «қастастық тіліне» тыйым салу	85
Қосымша I: Құқықтық құралдар	87

Бұл құрал неге арналған?

Бұл практикалық құралда АРТИКЛЬ 19 сөз бостандығы мен теңдікті қорғап, «қастастық тілін» анықтау және оған тиімді қарсы тұру бойынша нұсқау ұсынады. Құрал «қастастық тілін» қалай анықтап, адам құқықтары желісі тұрғысынан туындайтын сын-тегеуріндерге қалай әрекет етуге болады деген сұрақтарға айқын түсіндірме беру бойынша өсіп келе жатқан қажеттілікке жауап береді.

Құрал үш өзекті сұрақты қарастырады:

1. Шектеуге жатуы мүмкін «қастастық тілін» қалай анықтауға болады және оны қорғауға жататын сөздерден қалай айырып тануға болады?
2. Мемлекеттер және өзге субъектілер «қастастық тіліне» қарсы тұру бойынша қандай оң шаралар қолданулары мүмкін?
3. Мемлекет «қастастық тілінің» қандай санаттарына және қандай жағдайларда тыйым салуы тиіс?

Бұл құрал әркім адам құқықтарын іске асыруы мүмкін, төзімді, плюралистік әрі көпбейнелі демократиялық қоғамды құру үшін сөз бостандығы мен теңдік құқықтарын қорғау бойынша мақсатты және үйлестірілген әрекеттердің өзекті маңызы бар деген қағидатқа негізделеді. Құрал АРТИКЛЬ 19 ұйымының аталған саладағы қазіргі саяси жұмысын көрсетеді және дамытады.

Құрал осылай ұйымдастырылған:

- Бірінше кезекте біз халықаралық құқықта «қастастық тілінің» бірыңғай анықтамасы жоқ екенін атап өтеміз – бұл сөздердің үлкен аясын қамтитын жалпы ұғым деп айтуға дұрыс болар еді. Құрал мемлекеттердің адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтық міндеттемелерін басшылыққа алып, ауырлық деңгейіне байланысты «қастастық тілінің» түрлерін анықтау және айыра тану үшін типология ұсынады (I бөлім).
- Содан кейін біз «қастастық тілінің» терең себептеріне әсер ету, сонымен бірге, оған қарсы тұру үшін барынша мүмкіндіктер құру мақсатында сөз бостандығы мен теңдік үшін оң орта құру мақсатында мемлекеттер мен басқа мүдделі тұлғалар қолданулары мүмкін саяси шаралар бойынша ұсынымдар береміз (II бөлім).

-
- Соңында, біз мемлекет халықаралық құқыққа сәйкес «қастастық тілінің» ең қатаң түрлеріне тыйым салуы тиіс болған кездегі ерекше жағдайларды, сондай-ақ мемлекет халықаралық құқыққа сәйкес «қастастық тілін» басқа түрде шектеуі мүмкін кездегі жағдайларды сүреттейміз. Бұл санкциялар қолданылған жағдайда, олар құрбандарға жәрдем мен зиянды өтеуді қамтасыз етіп, негізделген және шамалас болсын деген мақсатта мұндай тыйымдардың теріс пайдалануын болдырмау бойынша ұсынымдарды қамтиды (III бөлім).

Артикль 19 «қастастық тіліне» орай әрекет ету шараларының адам құқықтары саласындағы халықаралық құқыққа сәйкестігін қамтамасыз ету аса маңызды болып табылады деп санайды. Біреудің намысына немесе сезімдеріне тиетін пікірлерге цензура қоятын тыйымдар теңдікті көтермелеу тұрғысынан қарсы өңімді болады, себебі олар «қастастық тілін» негіздейтін қате түсініктердің әлеуметтік тамырларына бағытталмаған. Көптеген жағдайларда цензураға қарағанда, өзара түсіністік пен шыдамдылықты көтеретін оң шаралар теңдікке жәрдемдесуде мейлінше сәтті болады.

Бұл құралдың соңғы нұсқасы болмай, осы саладағы дамып жатқан сот тәжірибесі мен үздік тәжірибелердің мысалдарын көрсете отырып, тұрақты түрде жаңартылатын болады.

I бөлім: «Қастастық тілін» анықтау



«Қастастық тілі» деген не екенін анықтау үшін бірінші кезекте бірін-бірі күшейтетін екі құқықтың маңыздылығын түсіну қажет: сөз бостандығы мен теңдік.

Сондай-ақ осы бөлімде АРТИКЛЬ 19 сөздің ауырлық деңгейі мен оның салдарына байланысты «қастастық тілінің» түрлерін анықтауға негізделген, «қастастық тілін» анықтау үшін типологияны ұсынады. Бұл «қастастық тіліне» қарсы тиімді әрі сын-дарлы шаралар және, ерекше жағдайларда «қастастық тіліне» тыйым салу үшін негіз ретінде қажет (III бөлімді қараңыз).

Ой еркіндігі мен сөз бостандығы деген не?



Ой еркіндігі мен оны еркін айту құқығы (сөз бостандығы) Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (АҚЖБД)¹ 19-бабы кепіл болатын және адам құқықтары саласындағы барлық өзекті әмбебап және өңірлік шарттар² арқасында заңдық күшке ие болған адамның негізгі құқығы болып табылады.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық мемлекеттер барлығы мен әркімге кез келген құралдарды қолданып және мемлекеттік шекараларға қарамастан, ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және тарату құқығын қамтамасыз етуілерін талап етеді.

Сөз бостандығы құқығының кең қолдану саласы бар. Ол басқа адамдардың намысына тиетін пікірлер мен идеяларды (бұл кемсітушілік сипатқа ие сөздерді де қоса алуы мүмкін) білдіруге таралады.³



¹ Қатал айтқанда, АҚЖБД мемлекеттер үшін заңды күші бар құжат емес. Алайда, оны қабылдаған кезден оның көптеген ережелері адат мәртебесіне ие болды. *Filartiga v. Pena-Irala*, 630 F. 2d 876 (1980) (US Circuit Court of Appeals, 2nd circuit) қараңыз.

² Азаматтық және саяси құқықтары туралы халықаралық пактінің (АСКХП) 19-бабын, Адам мен халықтар құқықтарының Африкалық хартиясының (АХҚАХ) 9-бабын, Адам құқықтары туралы Америкалық конвенцияның (АҚАК) 13-бабын және Адам құқықтары бойынша Еуропалық конвенцияның (АҚЕК) 10-бабын қараңыз.


³ Адам құқықтары жөніндегі комитет (АҚК), № 34 жалпы тәртіптегі ескерту, ССРР/С/ГС/34, 2011 ж 12 қыркүйек, 11-тармақ.

Барлық адам құқықтары әмбебап, бөлінбейтін өзара тәуелді және өзара байланысты деп жиі айталады. Сонымен бірге, халықаралық құқық сөз бостандығы құқығына негіздік құқықтарының бірі ретінде ерекше маңыздылық беретініне екі себеп бар:



- Жеке тұлға деңгейінде сөз бостандығы құқығы адамның дамуы, абыройы мен өзін-өзі іске асыруына кілт болып табылады. Адам басқаларымен идеялармен және ақпаратпен еркін алмасу арқылы өз ортасы мен кең мағынада әлемді түсінуі мүмкін. Адамдар өз пікірлерін еркін білдіре аласа, өздерін мейлінше қауіпсіз және үлкенірек құрметке ие болып сезінеді.

- Мемлекеттік деңгейде сөз бостандығы тиісті мемлекеттік басқару үшін және, бұған байланысты, экономикалық және әлеуметтік прогресс үшін қажет. Ол адамдарға еркін пікір таластыруға, алаңдаушылық білдіруге және үкіметке сұрақтар қоюға рұқсат беріп, соның ішінде адамдардың басқа құқықтарын қорғау және көтермелеу мақсатында, жауапкершілік пен есеп берушілікті қамтамасыз етеді.



Жоғарыда баяндалғанға қарамастан, **сөз бостандығы құқығы абсолюттік құқық емес**, мемлекет жекелеген жағдайларда адам құқықтары саласындағы халықаралық құқыққа сәйкес бұл құқықты шектеуі мүмкін (астында қараңыз).

Теңдікке құқық деген не?

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық барлығы үшін теңдік пен кемсітушілікке жол берілмеушілікке кепілдік болады.⁴ Мемлекеттер **адам құқықтарын қолданудағы теңдік пен заң тарапынан тең қорғауға** кепіл болулары тиіс.

Кемсітушілікке жол бермеу қағидатының үш өзара байланысты құрамдас бөлігі бар. Кемсітушілік бұл сияқты түсініледі:

1. тұлғаға қатысты кез келген айырмашылық, ерекшілік, шектеулік немесе артықшылық,
2. адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықпен танылған, қорғалған мінездемеге негізделген,
3. мақсаты немесе салдары өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе әлеуметтік және кез келген басқа саласында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жою немесе олардың танылуын, пайдалануын немесе тең негізде жүзеге асыруын әсірлету болып табылады.⁵

Дәл кемсітушіліксіз барлығы үшін абыройды қорғау «қастастық тіліне» әрекет ету шаралары, соның ішінде сөз бостандығы құқығын шектеу үшін уәждеме болып табылады.⁶ «Қастастық тіліне» әрекет ету, соның ішінде оған тыйым салу жиі ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық адамгершілікті қорғаумен дәлелденеді. Алайда, бұл мақсаттар жеке тұлғаны кемсітушіліктен қорғау мақсатымен араласқанда, сөз бостандығын шектейтін шаралар оңай шамалас кең болулары және теріс пайдаланушылыққа зардап шегулері мүмкін.

⁴ АҚЖБД 1-бабын және АСҚХП 2(1) және 26-баптарын қараңыз. Өңірлік деңгейде өз пікірін еркін айту құқығы АХҚАХ 2 және 19-баптарында, АҚАК 1(1) және 24-баптарында және АҚЕК-ке 12-хаттамада қорғанады.

⁵ Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі комитет, Жалпы тәртіптегі ескерту №18, 1989 ж., 6-тармақты қараңыз.

⁶ «Қастастық тіліне» ден қою шараларын, соның ішінде оған тыйым салуды жиі ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық әдепті қорғаумен дәлелдейді. Алайда, бұл мақсаттар тұлғаны кемсітушіліктен қорғау мақсатымен араласқанда, өз пікірін айтуды шектейтін шаралар шектен тыс кең болып, теріс пайдалана алады.

«Қастастық тілі» деген не?

«Қастастық тілі» эмоционалды реңкті ұғым болып табылады. Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықта оның көпшілік қабылдаған анықтамасы жоқ. Көп адамдар «қастастық тіліне» тап болғанда оны тани алатынын айтар еді, алайда оның өлшемдері жиі екіұшты немесе қайшылықты болады.

Адам құқықтары саласындағы әмбебап және өңірлік құжаттар «қастастық тілін» анықтау және шектеу үшін әр түрлі стандарттар ұсынады: ұлттық заңнамалардың ерекшеліктері бұл нұсқаларды қамтып көрсетеді.⁷ Күнделікті өмірде аталған терминді пайдалану және оған берілетін мәндер оның құқықтық реттеуіне шақырулар сияқты түрленеді. Бұл үлкен дәрежеде аталған термин және оның адам құқықтары үшін маңызы бойынша анықтылықтың жоқтығын түсіндіреді.

Ұсынылатын «қастастық тілі» анықтамаларының көбісі кейбір апатты кемсітуші әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларға реакция ретінде тұжырымдамалған болатын. Кезі жеткенде анықтамалар жаңа оқиғаларға әрекет ету және тілдегі өзгерстерді, теңдік пен кемсітушілік әкелетін зиянның өзгеріп жатқан түсініктерін, сондай-ақ технологияның дамуын көрсету үшін бейімделді.



Жеке тұлғаға немесе бөлек бір топқа қатысты қарқынды әрі иррационалды айыпталушылық, дұшпандық және жиіркенушілік сезімі.

Қорғалған мінездемелерге ие болуы себебіне байланысты жеке тұлғаға немесе топқа дұшпандық көрсету.

Пікірді немесе идеяны жеткізетін кез келген сөз, яғни пікірді немесе идеяны сыртқы аудиторияға жеткізу. Ол көптеген пішін ала алады: жазбаша, бейсезімдік, визуалдық, көркем және т.б., және кез келген құралдармен, соның ішінде интернет, баспасөз, радио немесе теледидар арқылы тарала алынады.

⁷ | Қосымшаны қараңыз.

Өз негізінде «қастастық тілі» екі бөліктен құрылады:

- **Қастастық:** кейбір – нақты немесе таңылған – қорғалған мінездемелерге (халықаралық құқық танытын) ие болуы себебіне байланысты объект ретінде іріктелген жеке тұлғаға немесе топқа қатысты қарқынды әрі иррационалды айыпталушылық, қастастық және жиіркенушілік сезімі.⁸ «Қастастық» ағат пікірліліктен қатты, ол міндетті түрде кемсітушілік сипатқа ие. «Қастастық» эмоционалдық жағдайды немесе пікірді көрсетеді, осылайша, кез келген айқын әрекеттен ерекшеленеді.
- **Тіл:** жазбаша, бейсезімдік, визуалдық, көркем және т.б. сияқты көптеген түрде болуы мүмкін, кез келген құралдармен, соның ішінде интернет, баспасөз, радио немесе теледидар арқылы таралынатын пікірді немесе идеяны сыртқы аудиторияға жеткізетін кез келген сөз.

Жай айтсақ, «қастастық тілі» – адамдарға кез келген кемсітушілік сипаттағы қастастықты білдіру. Бұл қандай болса да салдарға әкелгені міндетті емес. Бұл ең кіші ортақ бөлімге негізделген анықтама құқықтық сөздерді қоса алғанда, кең сөздер аясын қамтиды. Осылайша, мұндай анықтама адам құқықтары саласындағы халықаралық құқыққа сәйкес заңды шектеленуі мүмкін сөздерді анықтау мақсатында пайдалану үшін тым көмескі болып табылады.

Бұл екі негізгі бөліктің шеңберінен тыс «қастастық тілі» терминінің мағынасы даулы болып кетеді: кейбір адамдар кемсітушілік сипаттағы қастастық жеткілікті емес және қосымша элементтер белгіленуі қажет деген дәлелдер айтады. «Қастастық тілі» не екені және оған қай жағдайларда тыйым салу қажет туралы пікірлер бірікпейді, сонымен бірге, олар келесі элементтер бойынша таластарды қамтиды:

- «Қастастық тілі» объектісі болып табылатын жеке тұлғаны немесе топты анықтау мақсатында қорланған мінездемені не құрайды;
- Сөздің мазмұны мен екпініне аударылатын назардың деңгейі;
- Келтірілген зиянға аударылатын назардың деңгейі – сөз адамның адамгершілігіне тіл тигізетін немесе кемсітетін сипатына байланысты ма немесе әлеуетті не нақты зиянды салдарларға әкелуіне байланысты ма зарарлы деп қарастырылады ма, мысалы:
 - үшінші тұлға немесе топ тарапынан сөздің объектісіне қарсы айқын әрекеттерге, мысалы, зорлыққа азғыру;

⁸ Кемден Сөз бостандығы мен теңдік жөніндегі қағидаттары, АРТИКЛЬ 19 (2009), 12.1-қағидат.

-
- сөз объектісінің өкпе немесе азап сияқты эмоционалды реакцияның себебі; немесе
 - қастастықты «тарату» немесе «туғызу» арқылы қоғамдық көзқарасқа кері әсер;
 - Сөз және көрсетілген зиян арасындағы себеп-салдар байланысты дәлелдеу қажеттілігі;
 - Зиянның ықтимал немесе құтылмас болуы қажеттілігі.
 - Сөз авторының зиян келтіру ниеті бар екенін түсініп, зиян келтіруді жақтап сөйлеу қажеттілігі, және сөзді көпшілікке тарату.

Осылайша, «қастастық тілі» мағынасын түсінуі ең кіші ортақ бөлім және жоғарыда атап өтілген факторлардың әр түрлі қиыстырулары арасындағы кез келген нүктеде жатуы мүмкін. Сонымен бірге, анықтамалар жиі бір немесе бірнеше егжей-тегжейге қатысты тым бір мағыналы емес болады. Бұл «қастастық тілінің» әр түрлі көрсетулерін танудағы икемділікке жол беріп, «қастастық тілі» не екені бойынша пікір қайшылығы мен белгісіздікті құрады.

Астыда тәсілдердегі әртүрлілікті көрсететін әр түрлі органдар мен жеке компаниялардың тәжірибесінен бірнеше мысалдар келтірілген:

- **Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты Еуропа Кеңесінің** Министрлер комитеті қабылдаған анықтамада «қастастық тілін» «нәсілдік қастастық, ксенофобия, антисемитизм және төзбеушілік негізіндегі өшпенділіктің басқа да түрлері, соның ішінде агрессияшыл ұлтшылдық немесе этноцентризм, азшылықтар, мигранттар және эмигранттық тамырлары бар тұлғаларға қарсы кемсітушілікті немесе қастастықты таратуды, азғыруды, туғызуды немесе дәлелдеуді қамтитын өз болмысыңды көрсетудің барлық түрлері» деп таниды.⁹
- **YouTube**, қоғамдастықтың қағидаларында, «қастастық тілін» «нәсіл немесе ұлт; дін; мүгедектік, жыныс, жас, ардагер мәртебесі; сексуалды бағдарлық/гендер сияқты белгі бойынша жеке тұлғалар немесе тұлғалар топтарына қарсы зорлық немесе қастастыққа шақыратын сөздер» деп суреттейді.¹⁰
- **БҰҰ Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті** «қастастық тілін» «адам адамгершілігі мен теңдіктің негізгі қағидаларын терістейтін және қоғамның көз алдында жеке тұлғалардың немесе халық топтарының жағдайын кемітуге бағытталған сөйлеу нысаны» деп түсінеді.¹¹
- **Оңтүстік Африка Хабар тарату саласындағы шағымдар жөніндегі комиссиясы** «қастастық тіліне» «тұрғысында нәсіл, ұлт немесе этнос, түс, дін, гендер, сексуалды бағдарлық, жас, даму ерекшеліктері немесе физикалық мүгедектікке негізделген зорлықты», сондай-ақ «соғысты насихаттау, шарасыз зорлыққа арандату немесе нәсіл, ұлт, жыныс не дінге негізделген қастастықты насихаттауды мақұлдайтын, көтермелейтін немесе мақтайтын және зиянды келтіруге шақыру болып табылатын мәліметті жатқызады».¹²

⁹ Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетінің 1997 ж. 30 қазандағы Қастастықты тудыру мәселелері бойынша №. R(97)20 ұсынымы. Сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты (АҚЕС), *Gündüz v. Turkey*, No. 35071/97 (2004), 22 және 43-тармақтарын қараңыз. Бұдан кейін «Сексуалды бағдарлық немесе гендер бойынша кемсітушілікке қарсы күрес шаралары туралы» СМ/Rec (2010)5 ұсынымында, Министрлер Комитеті гомофобиялық және трансфобиялық «қастастық тілінің» келесі анықтамасын ұсынды: «Лесбиян әйелдері, гейлер, бисексуалды және трансгендер адамдарға қарсы қастастық немесе кемсітушіліктің басқа түрлерін туғызу, тарату және көтермелеуге әкеле алатын, БАК-та және интернетте қоса алғанда, барлық сөйлемдердің түрлері».

¹⁰ **YouTube ережелері**. Кемсітушілік сөйлемдерге қатысты ережелер.

¹¹ Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет, Жалпы ұсыным № 35 «Нәсілшілдік сипаттағы сөйлемдерге қарсы күрес», 2013 ж. 26 қыркүйек, CERD/C/GC/35, 10-тармақ.

¹² **Code of the Broadcasting Complaints Commission of South Africa**, 2003 ж. 7 наурыздан күшіне енді.

«Қастастық тілінің» объекті кім?



Жай айтсақ, «қастастық тілі» адамдар, жеке тұлғалар немесе топтың кім болғанына байланысты оларға қарсы бағытталған.

АТИКЛЬ 19 «қастастық тілінен» қорғау негіздеріне адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықта кемсітушілікті болдырмау туралы жалпы ережелерге кіретін барлық қорланған мінездемелер кіруі қажет деп санайды. Бұл тәсіл анық болып көрінсе де, онымен кейде келіспейтін адамдар болады.

Көпшілік мақұлдаған анықтаманың жоқтығына байланысты, обязательства, позволяющие или требующие ограничения определенных форм «қастастық тілінің» кейбір түрлерін шектеуге мүмкіндік беретін немесе талап ететін міндеттемелер әр түрлі халықаралық келісімдерден жиналды.

Бұл міндетті қиындатады, өйткені кемсітушілік мәселесіне қатысты шарттардың барлығы мемлекеттерден «қастастық тіліне» тыйым салуды талап етпейді.¹³ Бұдан өзге, тыйым салуды талап ететін шарттар да қорланған мінездемелерді тіке атап шығады және жиі байқап тұжырымдайды.

Бұның екі түсініктемесі бар:

- «Қастастық тіліне» тыйымдар адам құқықтарын кемсітушілік сипаттағы ауқымды немесе тұрақты бұзуға жауап ретінде тұжырымданады, және бұл оқиғаларда «қастастық тілі» себеп факторларының бірі ретінде қарастырылған. Бұл тыйымдар олар салынған кездегі мән-жайларды көрсетеді, және оларды дайындау кезінде қоғамдағы наныммен шектеленеді.¹⁴

¹³ Мысалы, Нәсілшілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенция (НКЖХК) мемлекеттер үшін нәсілшілдік «қастастық тілінің» түрлеріне тыйым салу міндетмесін қамтыса, Әйелдерге қатысты барлық кемсітушіліктің түрлерін жою туралы халықаралық конвенция (ӘКЖХК) мен БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы мұндай тыйым салуды тікелей талап етпейді.

¹⁴ Гейлердің, саяси диссиденттердің және мүгедектердің Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қудалау фактілері кең құжаттандырылғанына қарамастан, АҚЖБД 20(2) бабы сексуалды бағдарлыққа, мүгедектікке немесе саяси көзқарастарға негізделген қастастықты тұлғаларды зорлыққа, араздыққа немесе кемсітушілікке азғыру тәсілі ретінде тікелей танымайды.

-
- Халықаралық құқықтық құжаттардағы «қастастық тіліне» тыйым салу талаптары әрқашан да даулы болатын, себебі кейбір мемлекеттер, кейде сөз бостандығы құқығын тым шектейді деген сенімге байланысты, мұндай кең міндеттемелерге қарсы тұрады.

Ала-құла қиылысатын халықаралық және өңірлік құқықтық құжаттар ұлттық құқықтағы «қастастық тілінің» әр түрлі түрлеріне тәсілдердің ерекшеліктерге, соның ішінде қорланған мінездемелерге қатысты, әкеледі. Бұл әмбебап және өңірлік құжаттардың шолуын **I Қосымшада** табуға болады.

Артикль 19 кез келген халықаралық құжаттың алғашқы тұжырымдамалары адам құқықтарын жүзеге асыруды шектеуге қисынсыз әкелсе, құқықтарды жүзеге асыру мұндай тұжырымдамалар мен авторлардың ниеттеріне тым формалды бейілділікпен шектелмеуін әрқашан да жақтап сөйлейді.


Сонымен бірге, адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттар уақыт өте аталған терминнің кеңейтілген түсінігіне негізделген теңдік қағидасы пайдасына түсіндіріле бастап, оны келісімде тікелей атап өтілген қорғалған мінездемелерге қатысты, сондай-ақ тікелей атап өтілмеген негіздемелерге қатысты қолдана бастады.¹⁵ Көптеген мемлекеттер ұлттық заңнамада теңдікті қамтамасыз ету және кемсітушілікті болдырмау бойынша мейлінше жалпы халықаралық міндеттемелермен қорғалған белгілерді көрсететін қорғалған мінездемелерді таниды.

Жеткілікті сөз бостандығы кепілдіктері болған жағдайда, «қастастық тілі» туралы ережелер қорғалған мінездемелердің мейлінше кең аясын қамтуы тиіс деп санаймыз. Қорғалған мінездемелер келесі негіздемелерді қамтуы тиіс, при этом не ограничиваясь ими: нәсіл, тері түсі, жыныс, тіл, дін, саяси және басқа пікірлер, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, меншік, туылуы, байырғы халықтан шығу тегі немесе байырғы халықпен өзін-өзі анықтау, мүгедектік, мигрант немесе босқын мәртебесі, сексуалды бағдарлық, гендер немесе интерсекс вариациясы.

¹⁵ АҚЖБД 2 және 26-баптары қорғалған белгілер тізімін әдейі ашық қалдырып, кең талқылау арқылы қосымша сипаттамаларды еңгізуге жол береді. Мысалы, Manfred Nowak, UN Covenant on Civil and Political Rights, CCRPR Commentary, 2nd revised edition, 628-бетін қараңыз; а также ЕСПЧ, *Tyger v. the UK*, A 26 (1978).

Қорғалған мінездемелер

АРТИКЛЬ 19 с кемсітушілік сипаттағы «қастастық тілі» үшін негіздемелер мақсаты кемсітішілікті болдырмау болып табылатын, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың мейлінше кең ережелерін қамтитын барлық қорғалған мінездемелерді қамтуы тиіс деп санайды.



«Қастастық тілі» терминін неге қолдану қажет?

Кейбір сөздерді «қастастық тілі» санатына дұрыс жатқызу адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың негізінде жататын абырой мен теңдік құндылықтарына жәрдемдегі маңызды рөл ойнай алады. Алайда, сөздерге «қастастық тілі» таңбасын қоюға орынсыз дайындықтан қалыс қалу қажет, өйткені оны қолданудың теріс әсерлері де бола алады.

Бұл термин қатты эмоцияларды тудырады, оны сөз бостандығы құқығын, әсіресе шеттетілген және әлсіз топтарына қатысты жөнсіз шектеуді растау үшін теріс пайдалануға болады.

«Қастастық тілі» термин ретінде	
Үшін	Қарсы
<ul style="list-style-type: none">– «Қастастық тілін» негіздейтін соқыр нанымдарды көпшілік алдында мойындау және олардан бас тарту, және олардың қазіргі және бұрынғы зиянды салдарлармен байланысын мойындау.– Адам құқықтарын қорғау үшін «қастастық тілінің» салдарлары туралы мейлінше кең пікірсайысқа шақыру.– «Қастастық тілі» қарсы бағытталған адамдарға тілектестік пен қолдау көрсету, олардың адамгершілігін мойындау және сөз бостандығы үшін мүмкіндіктер құру.	<ul style="list-style-type: none">– Қоғамдық мағынасы бар мәселелері бойынша заңды пікірсайысты болдырмау, әсіресе биліктегі тұлғалар тарапынан.– Сөз мен болжамды зиян арасындағы өзара байланысты асыра көрсету (сөз авторының ықпалы немесе зиян заттандырылуының ықтималдығын қате бағалауға байланысты) және/немесе қатты және оң ықпалы бар жауап пікірсайысқа адамдардың бейілділігін елемей.– Сөз авторлары зиянды келтіруді әдейі жақтайды деген болжал, алайда, ниет мейлінше қауіпсіз (мысалы, әлеуметтік желілердегі ойланбаған немесе жеңіл-тек түсініктеме) немесе мейлінше күрделі болуы мүмкін (сатира немесе күрделі мәселе бойынша пікірсайысты арандату, мысалы, өнер арқылы).

<ul style="list-style-type: none"> – Өшпенді сөздің авторлары мен олардың жақтаушылары үшін контраргументтер. – Қоғамда анықтамалық жұмыс, «қастастық тілі» әсерін түсінуді жақсарту және оны қолдануға бейілділікті азайту. – Тіімді жауап шараларын дайындау және жүзеге асыру саласындағы саясатқа әсер ету мақсатында қоғамдағы кемсітушілікті мониторингілеу үшін мүмкіндік құру. 	<ul style="list-style-type: none"> – Жалпы «қастастық тілінің» заңсыздығын қате түсіну және лайықсыз немесе тиімсіз болуы мүмкін қылмыстық не өзге санкцияларға шақыру. – Сөз авторлары үшін аудиторияны үлкейту, әсіресе олар өздерін «цензура» құрбаны ретінде көрсетулері немесе цензура әрекеттерінің сәтсіздігін өз пікірлерін растау үшін көрсетулері мүмкін болса. – Дискурсты, соның ішінде интернетте полиция бақылауы мен мемлекеттік бақылауды, немесе жеке жасырын қадағалауды күшейту, және институционалды кемсітушілік мәселесін шешудің орнында цензураны шамадан тыс пайдалануды көтермелеу.
---	--

Жоғарыда атап өтілген аргументтерге байланысты кейбір адамдар баламалы, мейлінше тар шеңберлі тұжырымдалған концепцияларды, мысалы, көбінесе сөздердің жаппай зорлыққа шақыру икемдігіне ауыған «қауіпті тілді»¹⁶ немесе «қорқыныш тілін»¹⁷ жақтап сөйлейді. Кейбір мәнмәтіндерде, мысалы, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің қарарларында «қастастық тілі» терминен гөрі «төзімсіздік, теріс таптаурындардың қалыптасуы, стигматизация, кемсітушілік, дін немесе пікірлер негізінде тұлғаға қатысты зомбылыққа арандатушылық немесе зомбылық»¹⁸ немесе «кемсітушілік пен нанымды тарату» немесе «қастастықты туғызу»¹⁹ сияқты терминдерге артықшылық беріледі. «Қастастық тілі» терминінің даулы мәртебесін ескере отырып, бұл аталған сөзді тұрақтандыруды немесе оның пайдалануын заңдандыруды қаламаудың көрсеткіші болуы мүмкін.

¹⁶ Susan Benesch, *Dangerous Speech: A Proposal to Prevent Group Violence*, 2013 ж. 23 ақпан.

¹⁷ A. Buyse, *Words of Violence: 'fear speech', or How Violent Conflict Escalation Relates to the Freedom of Expression*, *Human Rights Quarterly*, Vol. 91, 1435 – 84 беттер.

¹⁸ Адам құқықтары жөніндегі кеңес, «Дін немесе ұстанымдар негізінде тұлғаларға қарсы шыдамсыздық, теріс таптаурындарды тудыру мен стигматизация, кемсітушілік, зорлыққа азғыру және зорлықпен күресу». (16/18 қарары). А/НRC/Res/16/18, 2011 ж. 24 наурызда дауыс берусіз қабылданды.

¹⁹ Адам құқықтары жөніндегі кеңес, «Мьянмадағы рохинджа мұсылмандары мен басқа азшылықтарға қатысты адам құқықтары саласындағы жағдай» 29/21 қарары, А/НRC/Res/29/21, 2015 ж. 3 шілдеде дауыс берусіз қабылданды.

Ұсынылатын «қастастық тілі» типологиясы


Жоғарыда атап өтілген себептерге байланысты, «қастастық тілі» жалпы ұғымы қамтитын оның әр түрлі түрлерін нақтылау және «қастастық тіліне» тиісті және тиімді жауап шараларын таңдауды жеңілдету мақсатында біз «қастастық тілінің» қауіптілігіне байланысты²⁰ оның типологиясын ұсынамыз. «Қастастық тілін» келесі үш санатқа бөлуді ұсынамыз:²¹

1. **Тыйым салуға тиіс «қастастық тілі»:** халықаралық қылмыстық заң және АҚЖБД 20-бабының 2-тармағы мемлекеттерден «қастастық тілінің» кейбір ауыр түрлеріне, соның ішінде қылмыстық-, азаматтық- және әкімшілік-құқықтық шаралар арқылы тыйым салуды талап етеді;
2. **Тыйым салынуға мүмкін «қастастық тілі»:** АҚЖБД 19(3) бабындағы талаптардың сақталуы жағдайында мемлекеттер «қастастық тілінің» басқа түрлеріне тыйым сала алады;
3. **Заңды бұзбайтын «қастастық тілі»:** АҚЖБД 19(3) бабы бойынша шектеулерден қорғануы тиіс, дегенмен, төзімсіздік пен кемсітушілікке байланысты алаңдаушылық тудырады және мемлекет тарапынан сын жауапқа лайық.

²⁰ Әр санатқа қатысты қауіптілік белгісінің талдауын **III Бөлімде** қараңыз.

²¹ Бұл тәсіл БҰҰ Пікірлер бостандығы мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау жөніндегі Арнайы баяндамашысының Бас Ассамблеяға 2012 ж. жасаған жыл сайынғы баяндамасындағы тәсіліне негізделген (Пікірлерді еркін айту жөніндегі Арнайы баяндамашы), A/76/357, 2012 ж. 7 қыркүйек.

«Қастастық тілі пирамидасы»



Тыйым салынуы тиіс «қастастық тілі»

Халықаралық құқық мемлекеттерден мейлінше қауіпті «қастастық тілі» түрлеріне тыйым салуды талап етеді. Мұндай тыйымдар авторлар қозғауға ниетті және қабілетті, ерекше және жөнделмейтін зиянды болдырмау үшін қажет.

Олар:

- **«Геноцид жасауға тікелей және көпшілік алдында азғыру»**, оған 1948 ж. Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенцияда (Геноцид туралы конвенция)²² және 1998 ж. Халықаралық қылмыстық соттың Рим статутында (Рим статуты)²³ тыйым салынады. **Кемсітушілік сипаттағы халықаралық құқықтың басқа бұзуларына**, мысалы, адамгершілікке қарсы қылмыс ретінде **қудалауға азғыруға тыйым салу** талабы Геноцид туралы конвенцияда немесе Рим статутында жоқ, алайда, оны бұл санатты қарастыру қажет.
- ХАСҚП 20(2) бабына ұқсас, сонымен бірге, ХАСҚП 19(3) бабының талаптарына жауап беретін, **кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыру болып табылатын кемсітушілік сипаттағы өшпенділікті насихаттау**.²⁴

²² Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенция, 1948 ж. 9 желтоқсан, UN Treaty Series, vol. 78, p. 277, 3(c) бап.

²³ Халықаралық қылмыстық соттың Рим статуты, 1998 ж. 17 шілді, ISBN No. 92-9227-227-6, 6-бап, 25(3)(e) бап. Сондай-ақ Бұрынғы Югославия жөніндегі халықаралық қылмыстық трибунал статутының 4(c) бабын және Руанда жөніндегі халықаралық қылмыстық трибунал статутының 2(3) (c) бабын қараңыз.

²⁴ ХАСҚП 20(2) бабы тек ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділікке қатысты тыйымды арнайы талап етеді. Алайда, АРТИКЛЬ 19 адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық шеңберінде кемсітушіліктен қорғалатын кез келген басқа танылған мінездемеге негізделген өшпенділікті насихаттауға да тыйым салуы қажет деп санайды.

-
- Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенцияның (НКЖХК)²⁵ 4-бабы келесі талапты қамтиды: «[...] Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей декларацияда қамтылған қағидаттарға, және [НКЖХК] 5-бапта анық баяндалған құқықтарға сәйкес» мемлекеттер **«бір нәсілдің немесе терілері белгілі бір түсті тұлғалар немесе ұлт топтарының үстемдігі идеяларына немесе теорияларына негізделген, немесе қандай болса да нысандағы нәсілдік қастастық немесе кемсітушілікті ақтауға талпынатын немесе көтермелейтін кез келген насихат пен барлық ұйымдарды айыптайды, және мұндай кемсітушілікке азғыру немесе кемсітушілік актілерін жоюға бағытталған шұғыл және оң шараларды қолдануды міндеттенеді»**. Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет жақында бұл ереженің қолдану саласы мен сөз бостандығы құқығын қорғаудың қатысын түсіндіретін «Нәсілдік сипаттағы өшпенді сөйдемдермен күресу» №35 Жалпы ұсынымды қабылдады.²⁶ НКЖХК мемлекеттерден кейбір сөздердің түрлеріне тыйым салу туралы оң міндеттемелер жүктейді, бұл міндеттемелер ХАСҚП 20(2) бабындағы талаптардан мейлінше кең. АРТИКЛЬ 19 бұрында Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенцияның негізінде бұл дауды шешудің тәсілдерін ұсынған болатын.²⁷

²⁵ Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенция, 1965 ж. 21 желтоқсан, UN Treaty Series, vol. 660, p. 195.

²⁶ НКЖХК Комитеті, CERD/C/GC/35, 2013 ж. 9 қыркүйек.

²⁷ 1969 ж. Вена халықаралық шарттар құқығы туралы конвенциясы, 31 және 32-баптары. ХАСҚП пен НКЖХК айрықша стандарттарының сәйкестігі туралы егжей-тегжейлі ақпаратты ARTICLE 19, Prohibiting Incitement, op.cit., 5-ұсынымда қараңыз.

Тыйым салынуы мүмкін «қастастық тілі»

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық мемлекеттерге ХАСҚП 19(3) бабындағы үш бөлімді тесті орындалған жағдайда шектелген және ерекше жағдайларда пікірді айтуды шектеу мүмкіндігін береді. Мұндай шектеулер:

1. заңмен бекітілулері;
2. заңға сыйымды, мысалы, басқа тұлғалардың құқықтарын құрметтеу сияқты мақсатты көздеулері;
3. демократиялық қоғамдақ қажетті болулары тиіс.

«Қастастық тілінің» кейбір түрлерін **ерекше түрде айырып танылатын құрбанға қарсы бағытталған** ретіне қарастыруға болады. Мұндай «қастастық тілі» ХАСҚП 20(2) бабының критерийлеріне сәйкес келмейді, себебі автор басқа тұлғаларды қорғалған мінездеме негізінде біреуге қарсы іс-әрекеттерге азғыруға ұмтылмайды. Мұндай «қастастық тілі» зорлықпен, қудалаумен және шабуылмен қорқытуды қамтиды.

Заңды «қастастық тілі»

Сөздер араңдатушылық және қорлаған бола отырып, жоғарыда атап өтілген ешбір критерийлерге жатпаулары мүмкін. Мұндай сөздер соқыр нанымдармен сипатталуі және төзімсіздік мәселесін көтеруі мүмкін, алайда, олар пікірді айтуды шектеулер расталған ауырлық деңгейіне жетпейді (Ауырлық деңгейін төменде қараңыз).

Бұл мемлекетке мұндай «қастастық тілінің» негізінде жататын соқыр нанымдарды жеңу үшін саяси және құқықтық шараларды қабылдауға немесе мемлекеттік органдар мен институттардың өкілдерін қоса алғанда барлық тұлғаларға «қастастық тіліне» қарсы тұру үшін мейлінше мүмкіндіктер құруға кедергі келтірмейді.

II Бөлімде мемлекеттер қабылдауға көтермелеуі тиіс мұндай шаралардың (толық емес) спектрі ұғындыралады.

Мысал



Жазылушылары аз санымен бір жасөсірім Твиттерде жергілікті мектеп оқушысының жоғалуы мен ықтимал өлтірілуінің маңызын кемітетін, қорлаған және сексистік бір әзіл жасайды. Бұл интернетте жасөсірімге қарсы қатты сыншыл реакцияны тудырып, ол ақырында өз твитін жояды.

Сөз қорлаған және қоғамдағы терең әйел атаулыны жаратпаушылықты көрсеткеніне қарамастан, жасөсірім белгілі бір топқа зиян келтіруге азғыруға ниеттенбеді, кез келген жағдайда оның жазылушыларына мұндай ықпалы жоқ. Мұндай «қастастық тіліне» қатысты ықпалы бар жергілікті тұлғалар, мысалы, оның мектебінің мұғалімдері немесе жергілікті қоғамдастықтың басқа көшбасшылары тарапынан жеңіл араласуды ақтауға болады. Алайда, мемлекет тарапынан жазалау немесе басқа шектеулер үшін негіздер жоқ.

Пайдалы ресурстар

- [Рабат іс-қимылдар жоспары](#) – «кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыру болып табылатын ұлтшыл, нәсілшіл немесе діншіл қастастықты жақтайтын кез келген сөз сөйлеуге» тыйым салу бойынша ХАСҚП 20(2) бабы бойынша мемлекеттердің міндеттемелерін орындау бойынша беделді практикалық ұсынымдарды қамтитын маңызды құжат;
- [Кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыруға тыйым салу](#) – ХАСҚП 20(2) бабын түсіндіруді дамытатын азғыруға тыйым салу бойынша АРТИКЛЬ 19 саясаты;
- [Кемден сөз бостандығы мен теңдік бойынша қағидалары](#) – сөз бостандығын құрметтеу мен теңдікке жәрдемдесу арасында тиісті арасалмаққа қатысты мейлінше кең консенсусты көтермелеуге бағытталған қағидалар мен ұсынымдар жинағы.

«Қастастық тілі» мен «қастастық салдарынан болған қылмыс» - бірдей ме?

«Қастастық тілі» мен «қастастық салдарынан болған қылмыс» ұғымдары жиі шатастыра және бірін-бірі ауыстыра пайдаланылады. Алайда, оларды айыру тану қажет. Екеуі де төзбешілік пен соқыр нанымның құбылыстары болып табылады, алайда, қастастық салдарынан болған қылмыстырдың көбісі сөз бостандығыды іске асырумен байланысты емес.

«Қастастық салдарынан болған қылмыс» термині кең пайдаланатынын қарамастан, «қастастық» эмоционалды реңкті сөзін пайдалану «қастастықтың» кез келген құбылысы, соның ішінде «қастастық тілі» қылмысты іс болып табылады деген ой салуы мүмкін. Бұл солай емес.

«Қастастық тілі» кез келген құбылыстары алаңдаушылық тудыратынына қарамастан, олар қылмыс және, осылайша, «қастастық салдарынан болған қылмыс» болып табылмайды.



«Қастастық салдарынан болған қылмыс» термині қылмыскер құрбанды «соқыр наным себептерімен» толықтай немесе ішінара таңдаған жағдайда жасалған қылмыс көрсетеді. Көптеген елдерде «қастастық салдарынан болған қылмыс» тұлға құрбан болған мейлінше кең соқыр нанымдар тұрғысын тану мақсатында кейбір қылмыс істеріне қатысты пайдалыналады. Мұндай танудың мақсаты маргиналданған тұлғалардың қылмыстық сот төрелігіне сенімін күшейту болып табылады және олар көрген қылмыс толығымен танылғанын сезуге жәрдемдеседі.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) көрсеткендей, «қастастық салдарынан болған қылмыс» екі өзара байланысты бөліктермен сипатталады:

- **«негізгі қылмыс»** (мысалы, өлтіру);
- қылмысты **«соқыр наным себептерімен»** жасау (мысалы, ұлттық азшылыққа қарсы), бұл қылмыскер қылмыс объектінің оның «қорғалған» мінездемесіне байланысты таңдағанын көрсетеді.²⁸

«Соқыр нанымға уәжделген қылмыс» термині қылмыстық жауапкершілік тек «қастастықтың» болғанына ғана емес, қылмыс ісі жасалғаны дәлелденгеніне байланысты екенін мейлінше дәл көрсетеді.

²⁸ Қастастық салдарынан болған қылмыстарға қатысты заңнама: практикалық құрал, ЕҚЫҰ, 2009 ж.

Мысал



Мұсылман әулиеті халығы көбінесе христиан әулиеттерінен тұратын қаладағы үйге көшеді. Көршілері олардың үйіндегі терезелерді сындырады. Өтіп бара жатқан адам одан бұны неге істеді деп сұрағанда, ол «мұндайлар осында енді келмесін және қаланы алып кетпесін» деп жауап береді.

Осы мысалда меншікке қылмыстық зиян келтіру болды, қылмыс істерін жасаған тұлға әрлі-берлі өтушімен өз әңгімесінде соқыр наным себептерін көрсетті. Оны «қастастық салдарынан болған қылмыс» ретінде анықталған зиян келтіру үшін қылмыстық қудалауға тартылуы, және соқыр наным себептері болғанына байланысты қатаң жаза алуы мүмкін. Алайда, оның әрлі-берлі өтушімен әңгімесінің тек оның уәжінің дәлелі ретінде маңызы бар, аталған сөздер бөлек қылмыс ісі үшін негіз бола алмайды.

«Қастастық салдарынан болған қылмыстардың» көптеген жағдайларында «қастастық тілі» негізгі қылмыстың құрамына кірмейді. Қылмыс ісінің алдында, барысында немесе одан кейін тікелей үнделген, ол соқыр нанымның себебінің куәлігі болып, іске дәлел ретінде енгізілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда айыпталушы қорғану ретінде сөз бостандығы құқығына сілтеме жасай алмайды.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілгендей, мемлекеттер «қастастық тілінің» аса қауіпті түрлеріне тыйым салуға міндетті, және ерекше жағдайларда мұны қылмыстық құқық шеңберінде жасай алады. Мұндай жағдайларда қастастық сөзін айту ісі қылмыс ісін болуы мүмкін. Жоғарыда баяндалған типологияға сәйкес қылмыстыққа жауапкершілікке әкелуі мүмкін «қастастық тілінің» мейлінше қауіпті түрлері «геноцидке азғыру» және «кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыру болып табылатын [кемсітушілікке негізделген] қастастықты жақтайтын сөз сөйлеудің» аса қауіпті түрлерін қамтиды.

Мысал



Шиеленіскен бәсеке жағдайында өтіп жүрген президенттік сайлаудың қарсаңында қазіргі президент халқы көп митингтарда сөз сөйлейді. Бұл митингтардың барысында ол көбісі басқа ұлттық топқа жататын оппозиция жақтастары қаруланып, оның қолдаушыларына өлім қауіп-қатерін төндіретіндіктері туралы сыбыс жариялады. Қарбаластықтың өсуіне ол, өз қолдаушыларын сайлауда жетуін қамтамасыз ету бойынша шұғыл әрекеттерге шақырып, бірнеше он жылдықтар бұрын елде жаппай өлтірулер барысында пайдаланылған нысқаулықтарға ұқсайтын нәсілшіл теңкті сөздерді пайдалана бастайды.

Бұл жағдайда президент **зорлыққа азғыру болып табылатын қастастыққа шақыру** деңгейіне жеткен «қастастық тілін» пайдаланады. Ол қоғамдағы этикалық қарбаластықты түсіне пайдаланады және жиындағы адамдар оның беделді саясаткер ретінде белгілі бір сөзді пайдаланғанын тиісті түрде түсініп, оппозициямен байланыстырған ұлттық топқа қарсы іс-әрекеттерге ынталанады. Бұл зорлыққа әкелсе де, әкелмесе де, мұндай «қастастық тілінің» формасы «қастастық салдарынан болған қылмыс» ретінде қылмыстық жауаптылыққа орынды жата алады.

Мемлекеттер тыйым салуға тиіс мұндай (мейлінше қауіпті) «қастастық тілінің» формаларына басқа мемлекеттер шектей алатын басқа «қастастық тілінің» формалары бар. Соңғы санат нақты тұлғаларға қарсы бағытталған және соқыр нанымдармен дәлелденген қауіптер, шабуылдар мен қудалаудың формаларын қамтиды.

Мысал




Бір жынысты жұп (әйелдер) пойызда оларды гомофобиялық және сексистік қорлықтармен сыбая бастайын жолаушымен кездесіп, дереу физикалық зорлықтан негізді қорқа бастайды.

Көптеген елдерде бұл оқиға соқыр нанымға негізделген қылмыс ретінде орынды түрде қудаланар еді. Жолаушының қорлаған сөздері біздің «қастастық тілінің» кең типологиясына жатады, сондай-ақ **шабуыл** қылмысы болып табылады. Аталған сөздердегі нақты зорлық қауіпі оларды қылмыс ісіне айналдырады, және ол соқыр наныммен сипатталатынына байланысты аталған сөздердің құрамы да соқыр наным себебінің дәлелі болып табылады.

Қандай сөздер автоматты түрде “қастастық тіліне” жатпайды?

Аталған тұжырымдамаға қатысты анықтылықтың жоқтығын ескере отырып, “қастастық тілі” ретінде автоматты түрде қарастыруға қажеті жоқ сөздердің санатын айқындау пайдалы болар еді. Бұл бөлімде біз кейбір ұғымдарды ажырата білу және көп жағдайда пікірлерді азат айту бостандығы шеңберінде қорғау қажеттілігін түсіндіреміз.



Ерекше намысқа тиетін сөздер

Пікірлерді айту бостандығы саласындағы халықаралық стандарттар намысқа тиетін, алаңдататын немесе ұятқа қалдыратын²⁹ сөздерді қорғайды және бөлек бір тұлғаға немесе топқа “қорлыққа” ғана негізделген шектеулерге жол бермейді. Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық тұлғаның қорлықтан азат болуы құқығын көздемейді, алайда ол мұндай сөздердің жақтаушыларына қарсы келу және сөз айту құқығын нақты қорғайды.

Сонымен бірге, мемлекеттер жиі “намысқа тиетін” ретінде белгіленген сөздер үшін жазалайды, сондай-ақ кейде жазаның түрін айқындау мақсатында қорлықтың деңгейлерін де ажыратады. “Қорлықтың” субъективті түп негізі мемлекеттерге кейбір пікірлерді еркімен шектеуге мүмкіндік береді. “Намысқа тиетін” сөздерге тый-

²⁹ ЕАҚС, *Handyside v. UK*, App/ No. 5493/72, 1976 ж. 7 желтоқсан; No. 34 Жалпы тәртіптегі ескерту, *op.cit.*, 11-тармақ, сөз бостандығының қолданылуы саласына сөйлемдердің “ерекше намысқа тиетін” сөйлемдерді қосады.

ымдар тым жиі анық емес, бұл азаматтарға өз мінез-құлығын заңға сәйкес реттеуге мүмкіндік бермейді. Демек, АРТИКЛЬ 19 сөз кемсітушілік сипатқа ие болса да, ол **III Бөлімде** белгіленген санаттардың біріне жататынының дәлелі болмаған жағдайда, **тіл тигізгендік сөз бостандығының шектелуіне ешқашан негіз болмау керек** деп санайды.

Кейбір сөздердің намысқа тиюі соншалықты, - олар қандай болса да құндылығын жоғалтады және өзінің шын мәні бойынша зарарлы болып табылады деген пікір жиі келтіріледі. Алайда, бұл пікір мемлекет тарапынан билікті теріс пайдалануға, соның ішінде азшылықтардың құқықтарын бұзуға қарсы кепілдіктердің маңыздылығын назарға салмайды. Сонымен бірге, намысқа тиетін сөздер қарама-қарсы көзқарастар мен пікірталастарға беретін серпін қоғамдық мүдделерге сөзсіз қызмет етеді. Осылайша, құқықтық шектеулерге қарағанда, жауап сөздерге мейлінше мүмкіндік беретін қоғамдық саясат пен заңнама артық көріну қажет.

Құдайға асылық ету немесе «діндер диффамациясы»

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық діндер және пікірлер жүйелері сияқты абстрактылы тұжырымдамаларды емес, адамдарды қорғайды. Сөз бостандығын діндерді, оларға байланысты идеяларды немесе нышандарды сыннан қорғау мақсатында немесе діндар адамдарды намыс тігізуден немесе сыннан қорғау үшін шектеуге болмайды. Мемлекеттер адам құқықтар саласындағы халықаралық құқықтық стандарттарға қарамастан, құдайға асылық ету туралы заңдарды сақтау үшін мұндай сияқты мақсаттарға сілтеме жасайды.

Әдеттегідей, құдайға асылық ету қатысты мемлекеттік тыйым салатын шаралар төменде белгіленген бір немесе бірнеше санаттарға жатады:

1. **Тікелей құдайға асылық ету:** дінді, оның доктриналары, нышандары немесе ардақты тұлғаларды сыннан, қарама-қайшылықтан, қастастықтан, стигматизациядан, теріс таптаурындардан немесе “диффамацияда” қорғау мақсатын көздейді;
2. **Діни сезімдерге тіл тигізу:** өздерін жатқызатын дінге қатысты құдайға асылық ету оқиғаларына “қорланған”, “өкпелеген” немесе “ашуланған” адамдар топтарының сезімдерін қорғау мақсатын көздейді;

-
3. **Діндер немесе пікірлерге қатысты сөз бостандығын шектейтін кең тұжырымдалған/көмескі заңдар:** сөз бостандығын шектеу немесе дін не сенім туралы пікірсайысты заңсыз бұлтартпау үшін қолданылатын, қоғамдық адамгершілік немесе қоғамдық тәртіпті сақтауға жиі қатысты, кең немесе көмескі тұжырымдалған заңдар.³⁰

Біз жоғарыда белгіленген санаттарға жататын кез келген сөздер жоғарыда баяндалған “қастастық тілін” анықтап тану критерийлеріне қосымша жауап бермесе, оларды “**қастастық тілі**” ретінде **қарастырылмауды** ұсынамыз. Сонымен қатар, **тыйым үшін белгіленген қауіптің жоғарғы шегіне** (**Қауіптің шегін** және біздің **алты бөліктен тұратын тестті** қараңыз) жеткендегі ерекше жағдайлардан басқа, олар шектеуге жатпау қажет.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар **құдайға асылық етуге тыйымдардың күшін жоюды** сөзсіз талап етеді. Бұл **Рабат іс-әрекеттер жоспарында**³¹ тікелей ұсынылады және Адам құқықтары жөніндегі комитеттің **№34 Жалпы тәртіп-тегі ескертүінде** елеулі қолдау табады³². БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің бірнеше арнайы тәртіптері де құдайға асылық ету туралы заңның адам құқықтарына әсеріне қатысты алаңдаушылық білдірді және олардың күшін жоюды ұсынды.³³

³⁰ Бұл типология Еуропа құқық арқылы демократия үшін комиссиясының (Венециялық комиссия) **The relationship between freedom of expression and freedom of religion: the issue of regulation and prosecution of blasphemy, religious insult and incitement to religious hatred** баяндамасындағы алдауына негізделеді, 2008 ж. қазан.

³¹ Рабат іс-әрекеттер жоспары, *op.cit.*

³² No 34 Жалпы тәртіптегі ескерту, *op.cit.*, тармақ 48: «Қандай болса да дінді немесе басқа пікірлер желілерін құрметтемеудің әртүрлі түрлеріне тыйымдар, соның ішінде құдайға асылық ету, Пактінің 20-бабының 2-тармағында көзделген бөлек жағдайлардан босқа, Пактімен үйлеспейді. Сонымен қатар, АҚК мұндай шектеулер “діни лидерлерді сынаудға және діни доктриналар мен сенімнің догматтарына қатысты сөз айтуға кедергі жасауға жол бермеу” қажеттілігін баса айтады.

³³ Азшылықтар мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшының баяндамасы, А/НRC/28/64, 2015 ж. 2 қаңтар; Дін немесе пікірлер бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашының баяндамасы, А/НRC/28/66, 2014 ж. 29 желтоқсан; Сөз бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашының баяндамасы 2012 ж., *op.cit.*; БҰҰ Негізсіз ұстаулар жөніндегі жұмыс тобы, No. 35/2008 пікір (Мысыр), 2008 ж. 6 желтоқсан, 38-тармақ. Өңірлік уәкілеттілер де аталған мәселе бойынша арнайы тәртіптерді қолдады, мысалы, 2008 ж. 9 желтоқсандағы **Діндерге тіл тигізу және антитеррористік және антиэкстремистік заңнама туралы бірлескен декларацияны** қараңыз.

Бұл ұстаным өңірлік деңгейде Еуропа кеңесінде³⁴, Еуропа Одағында³⁵ және америка-аралық адам құқықтарын қорғау желілерінде³⁶ бейнеленді.

Құдайға асылық ету туралы заңдардың күшін жоюды қолдауға бірнеше дәлелдер бар, олар мұндай заңдар адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтарға қайшы келеді және негізінде және іс жүзінде қарсы өнімді болып табылатынына саяды:

- Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық идеялар мен пікірлерді қорғауды және адамдардың діні мен пікірлерінің негізінде олардың құқықтарын қорғауды ажыратады. Ой, ұждан, дін және пікірлер бостандығы жеке тұлғаларға тиесілі,³⁷ ол сынап айтылған сөздерден немесе тап мұндай дін мен пікірлердің көз жазбай талдаудан қорғамайды.
- Құдайға асылық етуге қатысты шектеу шаралары ашық және әділ пікір сайыспен пікір алмасуға кедергі жасап, жиі кездеспейтін немесе даулы көзқарастарды айтуды бөгет жасау және олар үшін жазалау мақсатында жиі қолданылады. Оған конфессияшілік және конфессияаралық диалог, сондай-ақ діни көшбасшыларға сынау және діни доктриналар мен діни догмалар мәселелері бойынша түсініктеме-лер жатады. Биліктегі адамдар кез келген келіспеушілікті қудалау үшін “құдайға асылық ету” тұжырымдамасын кең пайдаланып, сыншыларды құғындау және жауапкершіліктен құтылу мақсатында саяси пайда алу үшін мұндай шектеу шараларын қолданады.
- Құдайға асылық етуге қатысты шектеу шаралары діни азшылықтар, атеистер мен дінге сенбейтін адамдарды үндемеуге мәжбүрлеу үшін қолданады. Сөз

³⁴ Еуропа Кеңесінің ұсынымы 1805(2007), Құдайға асылық ету, дінге қатысты тіл тигізушілік, тұлғалардың дініне негізделген оларға қарсы қастастық тілі, 2007 ж. 29 маусым. Сонымен қатар, Венеция комиссиясының баяндамасын, *op.cit.*, 89-тармақты қараңыз. ЕАҚС Венеция комиссиясы баяндамасының шыққанынан бастап құдайға асылық ету туралы бір де іс қарастырған жоқ, бірақ бұрында ол құдайға асылық етуге қатысты шектеулерді қодану мемлекеттің қарауына кіреді деп белгіледі, 1994 ж. 20 қыркүйектері *Otto-Preminger-Institut v. Austria* қараңыз; сондай-ақ 1996 ж. 25 қарашадағы *Wingrove v. UK*, App. no. 17419/90 (2008 ж. Ұлыбритания өзінің құдайға асылық ету туралы заңның күшін жойғанын атап өтеміз); 2005 ж. 13 қыркүйектері *İ.A. v. Turkey*, App. no. 42571/98 қараңыз; 2006 ж. 31 қаңтардағы *Giniewski v. France*, App. No. 64016/00; 2006 ж. 31 қазандағы *Klein v. Slovakia*, App. No. 72208/01 салыстырыңыз.

³⁵ Мысалы, Еуропа Одағының діндер мен пікірлерді көтермелеу және қорғау жөніндегі жетекшілік қағидаттарын (2013 ж.) қараңыз.

³⁶ Америкалық адам құқықтары жөніндегі сот, *The Last Temptation of Christ* (Olmedo-Bustos et al.) v. Chile, 2001 ж. 5 ақпан.

³⁷ Мысалы, ХАСҚП 18-бабында кепіл берілген.

бостандығы және дін мен пікірлер бостандығы плюрализмді құрметтеу мен кемсітушілік жол бермеуге сүйенеді. Плюрализмнің елеулі мағынасы бар, өйткені бір діншіл адамның шексіз діни пікірлері басқа біреудің намысы тиюі мүмкін, және керісінше. Заңданемесе іс жүзінде бір діни сенім жүйесі үшін артықшылық құрып, қудайға асылық етуге қарсы шектеу шаралары азшылықтың діни немесе пікірлерін ұстауын адамдарды сөзсіз дискриминациялайды.

Осылайша, АРТИКЛЬ 19 мемлекеттерге жоғарыда атап өтілген үш санатқа жататын қудайға асылық етуге тыйымдардың күшін жоюды қатаң түрде ұсынады.

Кейбір жағдайларда “қудайға асылық ету” ретінде қарастыралатын сөздер дін немесе пікірлер сияқты қорғалған мінездеме себебі бойынша белгілі бір топқа қарсы қастастықты көрсету құралы болуы мүмкін. Мұндай сөздер шыдамсыздыққа қатысты алаңдаушылықты тудыра алатынына қарамастан, олар әрқашан да сөз бостандығын заңды шектеуге мүмкіндік беретін деңгейге міндетті түрде жетпейді.

III Бөлікте түсіндірілгендей, мұндай деңгейге жеткенде, мемлекеттің жауабы діндер мен пікірлердің өзін қорғауға емес, тек ХАСҚП 20(2) және 19(3) баптарына ғана негізделуі қажет.

Тарихи оқиғаларды мойындамау

Көптеген мемлекеттерде аса ауыр қудалаулар, геноцид немесе халықаралық қылмыстық құқықтың басқа бұзуларының кезеңдерімен жиі байланысты кейбір тарихи оқиғалардың фактілерін мойындамайтын кез келген сөздеріне тыйым салатын “тарихи естелік туралы заңдардың” әртүрлі түрлері бар. Тарихты мойындамау жиі құрбандар мен олармен байланысты тұлғалардың ар-намысына тікелей шабуыл болып табылады. Ол айуандық құрбандардың өзімен ұйымыдастырылғаны немесе бұрмалағаны туралы жасанды қастандық теорияларды жиі қолдайды және одан арғы кемсітушілікті ақтайды. Осылайша, тарихи естелік туралы заңдар кемсітушіліктің мұрасымен күрес арқылы қоса алғанда, болашақта аса елеулі қылмыстарды болдырмау мақсатын көздейді.

Халықаралық құқықта тарихи шындық жайындағы пікірлердің өзі елеулі қорғауға ие болмайды: сөз бостандығы саласындағы халықаралық стандарттар пікірлер немесе идеяларды айту бостандығын олар аса тіл тигізетін болса да, олардың “жалған” немесе “өтірік” болуы негізінде шектеуге жол бермейді.³⁸

³⁸ АҚК, No 34 Жалпы тәртіптері ескертпе, op.cit., 49-тармақ.

Бәсекелеспе хабарлардың әрқасының пайдасына дәлелдерді зерделеумен және мән-дері бойынша оларды бағалаумен толыққанды пікірсайыстар мен зерттеулер тарихи шындықты анықтаудың мейлінше сенімді тәсілі болып табылады.

Тарихи шындықтың белгілі нұсқалары догмаға айналдырылған және мемлекет алдында оларды мәжбүрлі қамтамасыз ету міндеті қойылған жерде, дәлелдермен қолданылған ашық пікірталастардың құндылығы мен сапалық қасиеттері жете бағаланбайды, ал артықшылық белгілі кезеңде қабылданған түсіндірмені тұрақты бекітуге беріледі. БҰҰ Пікірлер бостандығы және оларды азат айту құқықтарын көтермелеу және қорғау мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашысы (Сөз бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашы) айтқандай:

«жазушылардан, журналистерден, азаматтардан тек үкіметпен мақұлданған оқиғалар нұсқасын ұстануға талап етіп, мемлекеттер сөз бостандығын оқилардың ресми нұсқасына бағындыра алады».³⁹

АРТИКЛЬ 19 мұндай тарихи естелік туралы заңдар және олардан туындайтын тыйымдар демократиялық қоғамда қажетсіз және, шын мәнінде, қарсы өнімді болып табылады. Заңмен қудалау тарихи оқиғаларды мойындамайтын жеке тұлғаларға “азап шегуші” немесе атақты адам мәртебесін алуға мүмкіндік береді. Бұл олардың кейбіреуіне нонконформизм және истеблишментке қарсы тұру сылтауын жасап, өз идеяларын мейлінше кең аудитория алдында жарнамалауға және заңмен қудалауды олардың коспирологиялық теорияларының растығы туралы дәлелдер ретінде бұрмалап көрсетуге арнайы мүмкіндік береді.

Тарихи естелік туралы заңдар заңды анықтылық тұрғысынан қатаң күмәндер тудырады. “Анықталған тарихи фактінің” мән-мағынасына қатысты, әсіресе тар шеңбердегі заңды мағынасы бар немесе кең тарихи немесе заңды пікірсайыстың заты болып табылатын күрделі нақты мән-жайға қатысты қылмыстарды мойындамауды көздейтін заңдардың тұрғысынан сұрақтар жиі пайда болады. Бұл айқынсыздық тарихтағы кейбір оқиғаларды тек мойындауға емес, сондай-ақ “жеңілдетуге”, “томендетуге”, “ақтауға” немесе “абыройлы болып көрсетуге” тыйым салатын заңдарға қатысты мейлінше анық болады. Бұл ұғымдардың адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықта анықтамалары жоқ және олар теріс пайдалануға мүмкіндік береді.

Біз тарихи оқиғаларды мойындамау жиі тірі қалған құрбандар мен бұл қылмыстардың құрбандарына байланысты басқа тұлғаларға қарсы қастастықты насихаттау құралы бола алатынымен келісеміз. Шыдамсыздыққа қатысты алаңдаушылық тудыратынына және “қастастық тілі” ретінде заңды қарастырыла алатынына қарамастан,

³⁹ Сөз бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашының 2012 жылғы баяндамасы, *op.cit.*, 55-тармақ.

мұндай сөздерге тыйым тек **зорлыққа, қастастыққа немесе кемсітушілікке азғыру болып табылатын кемсітушілік қастастықты насихаттау** деңгейіне жететін оқиғаларына шектелуі қажет.⁴⁰ Жеке тұлғаларды қорғауды сөз бостандығын қандай болса да шектеуге негіз ретінде “тарихи шындықты айтып бағуды” қорғаудан ажырату қажет.

Террористік актілер мен зорлық-зомбылық экстремизмге азғыру

Соңғы он жылдары терроризм және мемлекет тарапынан оған жауап беру сөз бостандығына қатысты бірқатар мәселелер көтерді. Бір жағынан, шабуылдаушылар бұқтыру және азат пікірсайысты шектеу арқылы өзін-өзі цензуралауды орнатуға ұмтылғанда, адамдар өздерінің сөз бостандығы құқығын жүзеге асырғаны нәтижесінде террорлық шабуылдардың нысаналары болып іріктелуі мүмкін. Екінші жағынан, биліктің реакциясы сөз бостандығын қоса алғанда, негізгі құқықтардың негізсіз және сәйкессіз шектелуіне әкелді.

Мемлекеттердің терроризмді болдырмау саласындағы күш-жігерлері тұрғысынан, “терроризмге азғыру”, “зорлық-зомбылық экстремизм” және “радикализация” сияқты ұғымдар кейде “қастастық тілімен” шатастырылады.

⁴⁰ No 35 Жалпы ұсынымда Нәсілшіл кемсітушілікті жою жөніндегі комитет өз түсініктемесін АҚК тарихи естелік туралы заңдар мәселесі бойынша ұстанымына жуықтатып, “геноцид пен адамгершілікке қарсы басқа қылмыстарды көшпеліліктің алдында мойындамау немесе ақтау әрекеттері нәсілшіл зорлықты немесе қастастықты азғыратын жағдайда, олардың халықаралық құқықтағы анықтамасына сәйкес оларды қылмыс істері деп тануды” ұсынды. (14-тармақ). No 34 Жалпы тәртіптегі ескертуде, *op. cit.*, былай делінеді: «Тарихи фактілер туралы пікірлерді айту үшін жазалау шараларын көздейтін заңдар Пакт көздейтін, мүше мемлекеттердің пікірлер бостандығын және оларды азат айту құқығын құрметтеу міндеттемелеріне қаршы келеді. Пакт қате пікірлер айтуға немесе өткенде болған оқиғаларға қате талдау беруге кең тыйым салуды көздемейді. Пікірлер бостандығына шектеу ешқандай жағдайда зорлап міндеттелмеу қажет, ал пікірлерді азат айту құқығына қарсы шектеулер 19-бабының 3-тармағында немесе 20-бабында көзделген талаптарың шектеулерінен тыс кетпеу қажет” (49-тармақ).

Халықаралық құқыққа сәйкес мемлекеттер **террористік актілерді жасауға азғыруды** тыйым салуға міндетті.⁴¹ Алайда, ұлттық қауіпсіздікті қорғау мақсатында сөз бостандығын шектеуі болып, мұндай шаралар ХАСҚП 19(3) бабында баяндалған үш бөлікті тестке сәйкес келуі қажет. Йоханнесбург қағидаттар сөз бостандығы мемлекет келесіні көрсете алса ұлттық қауіпсіздікке қауіп ретінде шектелуі мүмкін:

1. пікірді айту зорлық әрекеттерге азғыру мақсатын көздейді;
2. мұндай зорлық әрекеттерге әкелуі мүмкін;
3. аталған сөздің және мұндай зорлық әрекеттердің ықтималдығы немесе пайда болуы арасында тікелей байланыс бар.⁴²

Бұл тестті пайдаланып, БҰҰ Терроризмге қарсы тұру мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашысы “терроризмге азғыру” ретінде қылмыстың типтік анықтамасын ұсынды:

Бұл қылмыс террористік қылмыстардың тікелей насихаты болып табылатын немесе болып табылмайтын мұндай мінез-құлық мұндай қылмыс немесе қылмыстардың орындалуы қауіпін құрса, террористік қылмысты орындауға азғыру мақсатындағы хабарламаны қасақана және заңсыз таралуында немесе көпшілікке басқа түрде баяндама жасауда.⁴³

Алайда, көптеген мемлекеттер бұл типтік анықтамада ұсынылған мейлінше кең санатын шектеу мақсатында “ұлттық қауіпсіздік” дәлелдерін пайдаланады. Мұндай шектеулер террористік актілерді, сондай-ақ “экстремизм” мен “радикализацияны” “ақтауға”, “көтермелеуге” немесе “мадақтауға” тыйымдарды қамтиды. Олар зорлық әрекеттерге азғыру ниетін немесе сөз мен зорлықтың ықтималдығы, немесе сөз мен зорлықтың пайда болуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты дәлелдеуді талап етпейді.

Мұндай кең тыйымдар адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға

⁴¹ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1624(2005) қарары, 1(а) тармақ. Халықаралық құқықта “терроризм” бен “террористік актінің” көпшілік мойындаған анықтамасы жоқ.

⁴² Йоханнесбург Ұлттық қауіпсіздік, сөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қағидаттары, АРТИКЛЬ 19 (2006), 6-қағидат.

⁴³ Терроризммен күресу жағдайында адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашының баяндамасы, 2010 ж. 22 желтоқсан, А/НRC/16/51, 30–31-тармақтары.

сәйкес қисынсыз болып табылады.⁴⁴ Олардың құқықтық анықтылығы жоқ және заңды саяси пікірсайысты шектеу, сондай-ақ азшылықтар мен келіспейтін азаматтардың террорлық шабуылдарға, сондай-ақ биліктің оларға реакциясының тиімділігі мен қолайлығына қатысты пікірлерін цензурау және қоғамдық мағынасы бар мейлінше кең мәселелерді талқылауды цензуралар үшін негізсіз қолданылуы мүмкін. Бұл тақырыптарға сөздер жиі эмоционалды сипатқа ие болады және жеке сәйкестік мәселелерімен тығыз байланысты, мұндай мәнмәтінде “қастастық тілі” мейлінше кең таралуы мүмкін. Шыдамдылыққа байланысты алаңдаушылық тудыратынына қарамастан, мұндай сөздер жиі “ұлттық қауіпсіздікке” қауіп төндірмейді. Оларға ұлттық қауіпсіздікті қорғау үшін көзделген шараларды қолдану сәйкессіз ғана емес, қарсы өнімді болып табылады, сондай-ақ кемсітушілік пен стигматизацияға әкеп соқтырады.⁴⁵

⁴⁴ № 34 Жалпы тәртіптегі ескерту, 46-тармақты қараңыз: «Мүше мемлекеттер антитеррорлық шаралардың 3-тармақпен сәйкестігін қамтамасыз етулері тиіс. «Терроризмді көтермелеу» және «экстремистік әрекет» сияқты құқық бұзушылықтардың, сондай-ақ терроризмді «асыра мақтау», «атын шығару» немесе «ақтау» құқық бұзушылықтарының қолдануы сөз бостандығын орынсыз немесе сәйкессіз аралсуға әкелмеу кепілдігі үшін олардың нақты анықтаулары болуы қажет. Бұдан өзге, ақпаратқа қол жеткізуге шамадан тыс шектеулерден қашу қажет. БАҚ халыққа террорлық әрекеттер туралы ақпарат беруде өзекті рөл атқарады, сондықтан олардың жұмысын заңсыз шектеуді болдырмау қажет. Осыған орай, журналистер өз міндеттерін заңды түрде орындайтынын үшін жазаға тартылмау қажет». Өңірлік деңгейде ЕАДС 2008 ж. 2 қазандағы *Leroy v. France* (App. No.36109/03) ісі бойынша шешімінде карикатураны мен журналдың редакторы «Біз бұл туралы армандадық... Хамас оны жасады» деген жазумен 11 қыркүйектегі Нью-Йорк шабуылдарының суреті үшін заңды қудаланғанда сөз бостандығының бұзуын тапқан жоқ. Журнал басылып жатқан Басқ еліндегі саяси мәнмәтінді ескере отырып, сот карикатура мен жазу зорлыққа әкелуге және өңірдегі қоғамдық тәртіпке ықтимал әсер етуге әкелуі мүмкін туралы Францияның дәлелдері «орынды және жеткілікті» деп тапты.

⁴⁵ 2015 ж. БҰҰ және өңірлік ұйымдардың сөз бостандығы саласындағы арнайы баянламышылары мен өкілдері «Сөз бостандығы мен шиеленіс ахуалдарына әрекет жасау туралы» бірлескен декларацияны жариялады. Онда «цензура экстремизмге тиімді жауап болып табылмайды, ашық және сыни пікірсайыс – сөз бостандығына жүйелі шабуылдар мен олардың басқа себептері проблемасын шешуге бағытталған кез келген стратегияның маңызды бөлігі болып табылады, сөйлемдер үшін қылмыстық жаза кең енгізу алаңдаушылық пен наразылық себептерін жасыруға және зорлыққа әкелуі мүмкін» деп атап өтіледі.

Мысал



Басым діни топтың өкілдері барып жүретін діни ғимараттағы жарылыстан кейін шабуылға байланысы жоқ Фейсбук желісінің пайдаланушысы құрбандар «лайық болды» деген кемсітушілік әрі жеңілтек стильдегі жазбаны жариялады. Пайдаланушының бірнеше жүз «достары» бар, және жазба екі жақтан да ашулы реакцияға әкеледі. Пайдаланушы саясаткер немесе қоғамдық көшбасшы болып табылмайды.

Кейбір мемлекеттерде мейлінше кең, мысалы, терроризмді «ақтауды» немесе «атын шығаруға» тыйым салатын антитеррорлық заңнамаға сәйкес аталған сөз террорлық шабуылға азғыру ниеті жоқ және оған әкеле алмайтынына қарамастан, аталған пайдаланушыны қылмыстық жауапкершілікке тартуға болар еді. Бұл сөз ерекше намысқа тиіп, «қастастық тілі» болып табылатынына қарамастан, мәнмәтінді ескере отырып, ол «қастастық тілін» шектеуге мүмкіндік береін деңгейге жетпейді. Фейсбук өзінің қағидалары мен шарттарына сәйкес аталған түсініктемені жою туралы шешім қабылдай алатынына қарамастан, желі бұны заңға сәйкес міндетті емес.

Сондықтан, АРТИКЛЬ 19 мемлекеттер терроризмге азғыруға тыйым салып, бірақ сондай-ақ оны кең тұрғыдағы «қастастық тілінен» оны нақты ажырата білгенін, және мұндай тыйым келесіне элементтердің қамтитынын қамтамасыз ететінін талап етеді: (1) террорлық актілерге азғыру ниеті және (2) сөздің салдары ретінде шабуылдың ықтималдығы немесе оның орындалуы. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін заңдардың күшін жою қажет.

«Мемлекет» пен билік өкілдерін қорғау

Мемлекеттер мемлекет, (ту және елтаңба сияқты) мемлекеттік рәміздер және билік беріп қойған тұлғалар атына сыни сөздерді сенімсіздену және тіпті тыйым салу үшін «қастастық тілі» белгісін тұрақты түрде пайдаланады. Кейбір ұлттық заңдар абстрактілі ұғымдарға немесе мемлекеттік лауазымдарға «тіл тігізуге» немесе «қорлауға» тікелей тыйым салады, ал басқалары бүлікке азғыруға немесе «ұлттық бірлікке» немесе «ұлттық жарасымға» қарсы бағытталған сөздерге екіұдай тыйымдарды қамтиды.

Халықаралық стандарттар «мемлекетті» немесе оның рәміздерін тіл тигізуден немесе сыннан қорғау мақсатында сөз бостандығын шектеуге жол бермейді. Мұндай объектілер «қастастық тілінің» нысаналары болуы мүмкін емес, өйткені олар адамдар және, сондықтан, құқықтар иелері емес.⁴⁶ Мемлекетпен байланысты жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекет басшылары мен биліктің басқа өкілдері үшін олардың мәртебесі кемсітушілік немесе сөзді «қастастық тілі» ретінде анықтау туралы дәлелдер үшін негіз бола алатын «қорғалған мінездеме» болып табылмайды. Шынында, билік өкілдері сын мен саяси қарсы пікір білдіруге жату қажеттілігі заңды болып табылады.⁴⁷ Басқа тұлғаларға қарағанда, олардан сынға қатысты мейлінше жоғары төзімділік деңгейі күтеледі.⁴⁸

Сөз бостандығы «ұлттық қауіпсіздікті» немесе «қоғамдық тәртіпті» қорғау үшін шектелуі мүмкіндігіне қарамастан, бұл негіздер сынды немесе келіспеушілікті басу, билік өкілдерін ыңғайсыздықтардан қорғау немесе заңға қайшы әрекеттерді жасыру үшін пайдаланылуы мүмкін емес.⁴⁹ Йоханнесбург қағидаттарында делінгендей:

Ешкімнің сынау немесе тіл тигізу зорлық әрекеттерге азғыруға бағытталмаса немесе мұндай әрекеттерге әкелуі мүмкін болмаса, ұлтты, мемлекетті немесе оның рәміздерін, үкіметті, мемлекеттік ведомстволарды немесе мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерді, сондай-ақ шетелдік ұлтты, мемлекетті немесе оның рәміздерін, үкіметті, мемлекеттік ведомстволарды немесе мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерді сынау немесе оларға тіл тигізу үшін жазалануы мүмкін емес.⁵⁰

⁴⁶ Мысалы, № 34 Жалпы ескерту, *op. cit.*, 38-тармақты қараңыз.

⁴⁷ *Ibid.* Сондай-ақ, АҚШ Жоғарғы Сотының *US v. Eichman*, 496 U.S. 310 (1990) ісі бойынша шешімін қараңыз, оған сәйкес АҚШ тууын жаңдыру үшін заңмен қудалау конституциялық емес болып танылды.

⁴⁸ Мысалы, Африка адам және халықтар құқықтары жөніндегі комиссиясы, *Resolution on the Adoption of the Declaration of Principles on Freedom of Expression*, 2002 ж қазан., Principle XII "protecting reputations"; ЕАҚС, *Otegi Mondragon v. Spain*, No. 2034/07, 2011 ж. 15 наурыз, қараңыз.

⁴⁹ Йоханнесбург қағидаттары, *op. cit.*, 2(b) қағидаты: «ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау үшін енгізілген шектеу оның мақсаты мен дәлелдеуі мүмкін нәтижесі ұлттық қауіпсіздікке жатпайтын мүдделерді қорғау, мысалы, үкіметтің беделін қорғау немесе оның құқықсыз әрекеттерінің жариялауын болдырмау, немесе белгілі бір идеологияны қыстырмалау, немесе ереуіл қозғалысын тоқтату болып табылса, заңсыз болып табылады.» Сондай-ақ, № 34 Жалпы тәртіптегі ескерту, 38-тармақты қараңыз.

⁵⁰ Йоханнесбург қағидаттары, *op. cit.*, 7(b) қағидаты.

Мысал



Ұлттық қарулы күштерге құрмет көрсету барысында жақын арада болған әскери науқандардың қарсыластары туу мен ұлтты қаланумен ойға байланыстырған тарихи қайраткердің суретін қоса алғанда, әр түрлі «ұлттық рәміздерді» жоя бастайтын наразылық шеруін ұйымдастырады.

Наразылық білдірушілердің әрекеттері біреулер үшін тіл тигізуі мүмкіндігіне қарамастан, олар саяси ұстанымды көрсету мақсатындағы саяси пікір айту болып табылады. Мемлекет пен мемлекеттік институт ретінде армияның рәміздері жеке тұлға болып табылмайды және, сондықтан, «қастастылық тілі» объекті ретінде қорғалмайды. Бұған қоса, мемлекеттік биліктің өкілдері ретінде жеке әскери адамдан олардың әрекеттеріне сынға қатысты төзімділік күтіледі, және, бұдан басқа, олар жеке бетімен бұл наразылықтың объекті болып табылмайды.

«Диффамация», жала

Диффамация, desacato (испан тілді мемлекеттерде) және жала (ауызекі және жазба формада) жиі «қастастылық тілімен» шатастырады.

Диффамация туралы заңдардың ортақ мақсаты жеке тұлғалардың беделіне зиян келтіретін жалған фактілерді айтудан олардың беделін қорғау болып табылады. Диффамация туралы талаптар талапкерлерден «қастастықты насихаттаудың болғанын» көрсетуді талап етпейді. Бұған қоса, диффамация туралы талаптар тұрғысында жеке тұлғалар «топтарының» соттық қорғау шараларын пайдалану мақсатында жеке беделі немесе құқықтың мағынадағы жеке тұлға мәртебесіне талаптану үшін негіздері жоқ.

Сондықтан, АРТИКЛЬ 19 негізінде «топтарға» диффамация туралы талаптар қоюға мүмкіндік беретін заңдарды проблемалы деп санайды және олардың күшін жоюды ұсынады. Керісінше, адамдар тобына «қастастық тілі» салдарынан келтірілген зиян «қастастық тілі» туралы заңды құқықтық ережелер шеңберінде соттық талаптардың немесе заңдық қудалаудың мәні болуы қажет.

II Бөлім: «Қастастық тіліне» әрекет жасау



Аталған бөлімде АРТИКЛЬ 19 «қастастық тіліне» әр түрлі әрекет жасау шараларын, сондай-ақ «қастастық тілі» белгісі болып табылатын соқыр нанымдар мен шыдамсыздықты суреттейді.

Біз «қастастық тіліне» әрекет жасау үш бірін-бірі толықтыратын қолдану саласына негізделуін ұсынамыз:

1. Мемлекеттер сөз бостандығы құқығын жүзеге асыру үшін **жағдай жасайтын орта** құрулары және теңдік пен кемсітпеушілік құқығын қорғаулары қажет;
2. Мемлекеттер сөз бостандығы мен теңдікті көтермелеу мақсатында **мемлекеттік саясат саласындағы оң шаралар топтамасын** қолданулары қажет;
3. Басқа мүдделі тараптар, соның ішінде азаматтық қоғам, БАҚ және жеке бизнес соқыр нанымдар мен шыдамсыздықтың негізгі себептерін еңсеру бойынша **ерікті бастамаларды** қабылдауға көтермелеулері қажет.

1) Сөз бостандығы мен теңдік құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасайтын орта құру

Сөз бостандығы мен теңдік құқықтарын іске асыру үшін мүмкіндік жағдай жасайтын орта құру мемлекеттік халықаралық құқыққа сәйкес міндеті ғана емес⁵¹, «қасастық тілін» әшкерелеу және оған қарсы іс-әрекет жасауға мейлінше мүмкіндіктер құру үшін маңызды шарт болып табылады.

а) Сөз бостандығы құқығын іске асыру жағдай жасайтын орта

Аталған құқықтың ұлттық конституциялар мен ұқсас актілердегі кепілдіктерінен басқа, мемлекеттер барлық заңнама мен саясат сөз бостандығы саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етулері қажет.

Атап айтқанда, сөз бостандығын кез келген шектеулері заңмен көзделулері, орынды мүддені көздеудің тар шеңберлерінде тұжырымдалулары және бұл мүддені қорғау үшін демократиялық қоғамда қажет болулары тиіс.

⁵¹ Сондай-ақ, I Қосымшаны қараңыз.

-
- i) «Қастастық тіліне» қатысты тиімді жауап шаралары үшін жағдай жасаудың кез келген стратегиясы сөз бостандығын шамадан тыс шектейтін заңдардың, соның ішінде азшылық мен маргиналданған топтарға қарсы бағытталған немесе оларды сәйкессіз тиетін заңдардың күшін жою немесе реформасын жүргізуді қамтуы қажет. АРТИКЛЬ 19 мемлекеттер орынды болған жағдайда келесінің күшін жоюды ұсынады:
- **қудайға асылық ету туралы заңдардың барлық түрлерін;**⁵²
 - **«ұлттық бірегейлік» пен ұлттық бірлік абстрактылы тұжырымдамаларын қорғайтын заңдар,** соның ішінде мемлекетті немесе оның институттары мен рәміздерін сынау мен келемеждеуден қорғайтын ережелер (бүлікке азғыру туралы заңдар сияқты);
 - **диффамация үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін барлық заңдар,** соның ішінде билік өкілдері мен мемлекет басшыларын келемеж бен тіл тигізуден арнайы қорғайтын заңдар (мысалы, *desacato* сияқты);⁵³
 - мұндай заңдар жыныс, гендер, гендерлік сәйкестік немесе сексуалды бағдарлық белгілері бойынша кемсітетін жағдайларда, **«қоғамдық адамгершілік» шамадан тыс кең ұғымдарын енгізетін немесе «дәстүрлі» деп аталатын «құндылықтарды» қорғайтын барлық заңдар;**⁵⁴
 - **наразылық шеруіне рұқсат беруді талап ететін немесе спонтандық (контр-) наразылық шеруіне тыйым салатын заңдар,** өйткені олар азаматтардың зорлық пен шыдамсыздыққа, соның ішінде «қасатастық тіліне» тиімді және ұжымдық бейбіт түрде әрекет жасау қабілеттілігін шектейді;⁵⁵

⁵² Рабат іс-әрекеттер жоспарын, *op. cit.*, 19-тармақты, және Кемден қағидаттарын, *op. cit.*, 12.3-қағидатын қараңыз.

⁵³ Мысалы, ARTICLE 19, Defining Defamation, Лондон, 1999 ж. қараңыз.

⁵⁴ Дәстүрдің атынан: ЛГБТ қоғамының өкілдерін үндемеуге мәжбүр ету әрекеттері, АРТИКЛЬ 19, 2013 ж. қараңыз.

⁵⁵ АРТИКЛЬ 19, **Наразылық шеруіне құқық қағидаттарын** қараңыз.

-
- **қауымдастық бостандығы жолындағы кемсітушілік, қажетсіз және сәйкессіз кедергілер құратын заңдар**, өйткені мұндай, атап айтқанда, ресурстарға қол жеткізуді шектейтін ережелер азаматтық қоғам ұйымдарының кемсітушілік пен зорлық оқиғаларына белсенді мониторинг өткізу және әрекет жасау қабілеттілігін шектейді;⁵⁶
 - **кең тұжырымдалған контртеррорлық және антиэкстремистік заңдар**, сөз бостандығын кез келген шектеулер ұлттық қауіпсіздік саласындағы нақты мүдделерді қорғауға қатаң бағытталғанды қамтамасыз ету үшін және азшылықтарды кемсітушілік пен күдіктерден қорғау үшін.⁵⁷
- ii) Мемлекеттер **тәуелсіз және сыншыл дауыстарға шабуылдар үшін жазасыздықты болдырмау** үшін үйлескен күш-жігер жұмсаулары қажет. Көптеген елдерде шыдамсыздық пен кемсітушілік зорлыққа қарсы ашық сөз сөйлеу мен іс-шараларын ұйымдастыру сөз сөйлеушілердің өзінің, олардың әріптестері мен отбасы мүшелерінің қауіпсіздігі үшін қорқуға әкеле алады. Өзінің сөз бостандығы құқығын іске асыратын адамдарды қорқыту және зорлықтың басқа түрлері және мұндай қылмыстар үшін жазасыздық дереу шешімді талап ететін және жалпы қоғамға шектейтін әсері бар проблема болып табылады.

Мемлекеттер өзінің сөз бостандығы құқығын іске асыратын тұлғаларға қарсы кез келген шабуылдардың бір мағыналы айыптаушылықты қамтамасыз етулері тиіс. Билік өкілдері мұндай шабуылдарды көтермелеу немесе қолдау ретінде есептеле алатын мәлімдемелерді болдырмаулары тиіс.

Атап айтқанда, мемлекеттер келесіні жасаулары тиіс:

- Мұндай шабуылдар созылмалы проблема болып табылатын жағдайларға сөздері үшін шабуылдардың объекті болуы мүмкін тұлғаларды қорғау бойынша ерекше шаралар қолдану;
- Сөз бостандығына қарсы қылмыстар тәуелсіз, жедел әрі тиімді тергеу мен заңмен құдалау мәні болуын қамтамасыз ету;

⁵⁶ Мысалы, БҰҰ Бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы мен қауымдастық бостандығы құқығы туралы мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы, **Бір беттегі сенің құқықтарын: Ақпараттық парақтар сериясын** қараңыз.

⁵⁷ Йоханнесбург қағидаттарын қараңыз, *op.cit.*

-
- Сөз бостандығына қарсы қылмыстардың құрбандары үшін тиісті құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізілімдікті қамтамасыз ету.⁵⁸

- iii) **Сондай-ақ, мемлекеттер мемлекеттік істерді жүргізудегі ашықтықты қамтамасыз етулері және әр адамның ақпаратқа қол жеткізуіне құқығына кепіл болулары тиіс.** Ақпаратқа қол жеткізу құқығына жол бермейтін ресми құпиялылық мәдениеті ықпалды тұлғаларға өздерінің теріс қылықтары немесе саяси сәтсіздіктері үшін өз айыбын азшылықтарға немесе маргиналданған топтарға аударуға мүмкіндік береді. Керісінше, ашықтық пен ақпаратпен азат алмасу мәдениеті мұндай топтық сәйкестіктерімен айла-шарғы жасау әрекеттерін тиімділігі аздау саяси тәсілге айналдырады. Сондай-ақ, ол мұндай бөлектеу әрекеттеріне қарсы пайдаланылуы мүмкін ақпаратты қоғам үшін қол жетімді жасайды. Сондай-ақ, ашықтық пен есеп берушілік барлық қоғамның сегменттері арасында мемлекеттік институттарына сенімді дамытуға және, осылайша, жеке тұлғалар мен топтардың тергеусіз сот ұйымдастыру шақыруларына сенушілікті азайтуға қабілетті.
- iv) **Мемлекеттер сөз бостандығы құқығының цифрлық технологиялар саласында толығымен қорғалуын қамтамасыз етулері тиіс.** Цифрлық технологиялар барлығына, атап айтқанда, азшылықтарға немесе маргиналданған топтарға жататын тұлғалар үшін сәйкестіктерге қатысты білім алу, даму және қолдау іздеу тәсілі ретінде ерекше маңызды болып табылады. Сондай-ақ, олар басқалармен бірге қоғамдыстықтар құру және маңызды мәселелер, соның ішінде шыдамсыздық пен «қастастық тілі» бойынша көпшілік алдында пікір алмасуға мүмкіндік береді.

Алайда, интернет арқылы жолданатын, белгілі бір бөлігі құқыққа қайшы және зиянды болып табылатын материалдар көлемі мемлекеттер мен жеке компанияларға онлайн-контентті бақылауды күшейтуге қатысты қысымның өсуін білдіреді. Бұл интернет пайдаланушылары үшін анонимділікке тыйым салу немесе оның алып тастауын жеңілдетуге шақыруларды, сондай-ақ дәнекерлер контентті белсенді бақылап, жойғанын және/немесе мұндай әрекеттерді орындамаған жағдайда жауапкершілікке тартылуын туралы ұсыныстарды қамтиды. Мұндай шаралар пікірлер мен идеялармен толыққанды алмасу үшін ашық форум ретінде интернеттің дәл мәні үшін қауіп-қатер төндірулері, сондай-ақ «қастастық тілін» әшкерелеу, онымен келіпсеу және оған қарсы тұру ретінде интернетті шектеулері мүмкін.

⁵⁸ Мысалы, 2012 ж. маусымдағы «Сөз бостандығына қарсы қылмыстар туралы» Үкіметаралық органдар өкілдерінің БАҚ мен пікірлер бостандығын қорғау бойынша бірлескен декларацияны қараңыз.

Осыған орай, АРТИКЛЬ 19 мемлекеттерге келесі шаралары ұсынады:

- сөз бостандығы құқығының өзекті элементі ретінде анонимдікке құқықты қорғау және жеке бизнесті пайдаланушылар үшін нақты балама ретіндегі анонимдікті қамтамасыз етуге шақыру;⁵⁹
- дәнекерлер үшінші тараптар құрған контент үшін жауапкершілікке тартылмауын және контентті шектеу талаптары соттық органның қаулысына негізделуін қамтамасыз ету;⁶⁰
- интернет пайдаланушыларын олардың адам құқықтарына заңсыз шек қоятын үшінші тараптардан тиімді қорғау шараларымен қамтамасыз ету.

b) Теңдік пен кемсітушілік құқықтарының толық қорғалуын қамтамасыз ету

Ұлттық конституциялар мен олардың баламаларындағы теңдікке құқық пен кемсітушілікке жол бермеу кепілдіктерінен басқа, мемлекеттер барлық ұлттық заңдар заң алдындағы теңдік пен заң тарапынан тең қорғауға кепіл болуларын қамтамасыз етулері, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық танитын барлық негіздер бойынша кемсітушілікке тыйым салуға кепіл болулары тиіс.⁶¹

Дәл толыққанды және тиімді антикемсітушілік құқықтық желілердің жоқтығына байланысты «қастастық тіліне» ең үлкен деңгейде тап болатын жеке тұлғалардың зиянды өтеу құралдарындағы таңдауы жиі шектеулі. Баламалар жоқтың қасында олар кейде кемсітушілік оқиғаларын шешудің тиімді тетіктерін жиі қамтамасыз етпейтін және қарсы өнімді бола алатын қылмыстық құқыққа сүйенеді.

- i) Іс жүзінде теңдік пен кемсітушілікті толықтай қорғауы қамтамасыз ету үшін АРТИКЛЬ 19 екі параллельді бағытта әрекет жасауды ұсынады. Мемлекеттер келесіні жасаулары тиіс:
 - Формалды немесе формалды емес түрде кемсітушілік пен адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық танитын кез келген қорғалған мінездемелер бойынша шығарып тастауға институционалды сипат беретін **кез келген заңдар мен саясаттың күшін жою**. Олардың бар болуының өзі кемсітушілік елінбейтін немесе жасырын көтермелейтін ортаны құрады;

⁵⁹ Мысалы, АРТИКЛЬ 19, *Right to Online Anonymity*, 2015 ж. маусым, қараңыз.

⁶⁰ Манила дәнекерлер жауапкершілігінің қағидаттарын қараңыз.

⁶¹ Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық танитын қорғалған мінездемелер туралы ақпаратты I Қосымшада қараңыз.

-
- **Кемсітушілікке қарсы заңнаманы қабылдау немесе күшейту** және, атап айтқанда, келесіні қамтамасыз ету: мұндай заңдар кем болғанда:
 - **тікелей кемсітушіліктен**, яғни қорғалған мінездеме себебімен салыстырмалы жағдайларда басқа тұлғаларға қарағанда бір тұлғаға жағымсыз қарым-қатынастан қорғасын;
 - **жанама кемсітушілікпен**, яғни бейтарап ереже, өлшем немесе тәжірибе ұқсас жағдайда басқаларға қарағанда, қорғалған мінездеме нешінде анықталатын топқа мейлінше теріс ықпал ететінінен қорғасын;
 - мұндай шаралар қажетті және сай келушілік болғанша, жанама кемсітушілік мәселесін шешу және теңдікті елеулі қамтамасыз ету үшін уақытша **ерекше шараларды** қабылдауға мүмкіндік берсін;⁶²
 - кемсітушілік қастастық пен іс-әрекеттер үшін негіз ретінде адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық танитын **қорғалған мінездемелердің мейлінше кең аясын** қамтысын;
 - **кең салалар аясына** қолдансын, соның ішінде: жұмысқа орналастыру, әлеуметтік қолдау және әлеуметтік жәрдемақыға қол жеткізілімдік, білім алу, тауарлар мен қызметтер беру, тұрғын үй, әділ сотқа қол жеткізілімдік, жеке және отбасылық өмір, соның ішінде некеге тұру, саяси өмірге қатысу, соның ішінде сөз бостандығы, қауымдастықтар бостандығы және жиналыс бостандығы, және құқық қорғау органдарының қызметі;
 - сараланған қатынас заңды мақсатқа негізделген және бұл мақсатқа жету үшін таңдалған құралдар орынды және қажетті болған жағдайлар **пайдасына ерекшеліктерді** қамтасын;
 - теңдік мәселелері жөніндегі мекелері беруі мүмкін, әсіресе **азаматтық және әкімшілікке құқықта, құқықтық қорғау шаралары топтамасын**, сондай-ақ медиация және дауларды шешудің баламалы тәсілдері сияқты құқықты емес зиянды өтеу тетіктерін көздесін.

⁶² Мысалы, Нәсілдік кемсітішілікті жою жөніндегі комитет, ХНКЖК Ерекше шараларының мағынасы мен қолдану аясы туралы № 32 жалпы ұсыным, CERD/C/GC/32, 2009 ж. 24 қыркүйек, 21-26-тармақтарын; сондай-ақ ӘКЖК, ХӘКЖК 4(1) бабы бойынша № 25 жалпы ұсыным, А/59/38 (supp), 2004 ж. 18 наурыз, 22-тармақты қараңыз.

-
- ii) Бұған қоса, мемлекеттер олардың **қылмыстық заңнамалары** «қаастыққа негізделген қылмыстарды» толықтай танып, шамалас жазалауды көздей-тінін, сондай-ақ қорғалған мінездемелердің мейлінше кең аясын қамтитынын қамтамасыз етулері тиіс. Құрбанды мұндай қылмыстар туралы арыздар беруге көтермелеу және тиісті соқыр наным түрлері бойынша бөлінген, мәлімденген оқиғалар мен сәтті тергеулер саны бойынша ресми статистиканы жинауды қамтамасыз ету үшін бұл заңдарды орындау тиімділігінің мониторингі бар болуы қажет.
- iii) Мемлекеттер **теңдік мәселелері жөніндегі тәуелсіз мекемелер** құрулары немесе олардың рөлін күшейтулер, немесе теңдікке жәрдемдесу және оның қорғау мен кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі **ұлттық құқық қорғаушы мекемелердің** (ҰҚҚМ)⁶³ мандатын, соның ішінде сөз бостандығы құқығы тұрғысынан кеңейту-лері тиіс.

Мұндай мекемелер келесі міндеттерді орындау үшін өкілеттіктермен тиісті түрде қамтамасыз етілулері тиіс:

- Заңдар мен саясаттың ақпараттық дамуы, мониторингі мен бағалауын қамтамасыз ету, сондай-ақ аталған тақырып бойынша эмпириалық және басқа да зерттеулерді көтермелеу мақсатында басым салаларда кемсітушіліктің деңгейі мен салдарлары туралы статистика жинау тетігін дамыту;
- Заң шығарушы және атқарушы органдарға адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерге сәйкес келетін, соның ішінде сөз бостандығы мен кемсітушілікке жол бермеуге қатысты заңдар мен саясатты дамытуға көмектесіп, аталған процеске азаматтық қоғамның толық әрі тиімді қатысун көтермелеу;
- Кемсітушілік оқиғалары туралы шағымдарды алу және, орынды болған жағдайларда, дауларды баламалы/ерікті шешу тетіктерін беру;
- Әр түрлі қоғамдастықтарының ішінде немесе арасында егестердің алдын алу үкіметтік тетіктеріне немесе мониторинг жөніндегі үйлестірушілік орталықтарына ақпарат беру және толықтыру;
- Қоғамдастықтар арасындағы диалог пен өзара іс-қимылдың әртүрлі тетіктерін көтермелеу және, орынды болған жағдайларда, қолдау.

⁶³ Барлық ҰҚҚМ Адам құқықтарын көтермелеумен және қорғаумен айналыстаын ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты қағидаттарға (Париж қағидаттары) сәйкес құрылулары тиіс, 1993 ж. 20 желтоқсандағы БА 48/134 қарары


ҰҚҚМ немесе теңдік мәселелері жөніндегі мекемелер жалғыз жұмыс істемелері маңызды: оларға кемсітушіліктің түпкі себептерін еңсеру мақсатында мемлекеттік органдармен және, орынды болған жағдайларда, мемлекеттік емес қатысушылармен және азаматтық қоғаммен әріптес қарым-қатынастар құру өкілеттіктерін беру қажет. Осыған орай, олар аталған құралда, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 16/18 қарары мен Рабат іс-әрекеттер жоспарында атап өтілген шараларға негізделген, кемсітушіліктің түпкі себептерін еңсеру бойынша **ұлттық іс-әрекеттер жоспарларын әзірлеу мен іске асыруда** елеулі рөл атқарулары қажет.

2) Мемлекеттік саясаттың оң шаралары

Артикль 19 мемлекеттерге соқыр нанымдар мен кемсітушілік проблемасын шешу және «қастастық тіліне» әрекет жасау мақсатында мемлекеттер бірінші кезекте қоғамдық өмірдің барлық аспектілеріне қатысты оң заңи емес шараларды қолдануды ұсынады. Мұндай шаралар билік өкілдерінің адам құқықтарын құрметтеуге және қоғамның барлық топтарының диалогы мен қатысуын көтермелеуге қатаң бейілділігіне негізделулері тиіс.

Шыдамсыздықтың бар болуын мойындау және оған қарсы тұру

Саясаткерлер мен мемлекеттік билік өкілдері «қастастық тілін» пайдалану оқиғаларын қоса алғанда, шыдамсыздық пен кемсітушілік фактілерін мойындауда және оларды көпшілік алдында жедел айыптауда өзекті рөл атқарады. Бұл мұндай мінез-құлық фактін, сондай-ақ оның негізінде жататын соқыр нанымды мойындауды және айыптауды, мұндай мінез-құлықтың объекті болған жеке тұлғалар мен топтарға мейір және қолдау көрсетуді, және мұндай оқиғалардың жалпы қоғам үшін зиянды деп түсіндіруді талап етеді. Мұндай әрекеттер қоғамдастықтар арасындағы егестер ауыр немесе эскалацияға сезімді болған жағдайларда, немесе саяси ұтыстар үлкен болған жағдайларда аса маңызды болып табылады.




Билік өкілдері тарапынан ерте және тиімді аласу шиеленіс эскалациясының алдын алуда профилактикалық рөл атқарып, басқалардың мұндай мінез-құлықтан сақтануға мәжбүр етуі мүмкін. Сондай-ақ, ол басқа қатысушылар, атап айтқанда, «қастастық тілі» нысанасы болғандар, және оларға іш бұратындар, соның ішінде «қастастық тілі» айтушылары олардың атынан сөйлетінін «үнсіз көпшілік» тарапынан «қастастық тіліне» қарсы сөз айту үшін орта құруда маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Билік өкілдерінің шыдамсыздық пен кемсітушілікке қарсы сөз сөйлеулері мейлінше тиімді болатын жағдайлар одан арғы зерттеуді талап етеді. Билік өкілдері қоғам сегменттерін қастастық сөздеріне сезімтал жасайтын, «қастастық тілінің» негізінде

жататын қорқыныш пен жаңылысқа нандыра және тиімді әрекет жасамаса, “қастастық тілінің” өзін айыптау жеткілікті болмауы мүмкін. Қоғамдықтың алаңдаушылығы мен қорқыныштарына жауап беретін және, керек кезде, оларға қарсы болатын дәлелді, фактілерге негізделген контрнарративтерді қамтамасыз ету үшін билік өкілдерінің жауабы пысықталған әрі айыптаудан үлкен болуы қажет. Алайда, мұндай жауап маргиналдар мен қоғамдық дискурсқа әсері жоқ топтарға қажетсіз назар аударатын жағдайларда билік өкілдері “қастастық тіліне” жауап беруден қашқақтаулары қажет.

Билік өкілдері **кемсітушілікті көтермелейтін немесе теңдікке қауіп төндіретін мәлімдемелерден қашқақтау** маңыздылығын білулері, және зорлыққа немесе кемсітушілікке, соның ішінде “қастастық тілі” түріндегі, жеңіл қараудың қауіпін түсінулері, және олардың мұндай актілерге қатысты үндемеуі жасырын мақұлдау ретінде қарастырылуы мүмкіндігін түсінулері маңызды болып табылады. Осыған орай, мемлекеттік органдардың билік өкілдері ретінде әрекет ететін тұлғалардың мінез-құлығын реттейтін айқын қағидалары болуы тиіс. Саяси партиялардың әдеп кодексілері мен кемсітушілікке шыдамсыздық білдіретін ішкі саясаттарыды қабылдауларын да оң шаралар ретінде қарау қажет.

Теңдік мәселелері бойынша оқыту



Мемлекеттік мекемелердің шыдамсыздық пен кемсітушілік мәселелерін шешуге қабілеттігіне сенім құру мемлекеттік қызметкерлерден кемсітушіліктің жаратылысы мен оның әр түрлі жеке тұлғалар мен топтар үшін салдарлары туралы толық хабардарлығын және теңдікке жәрдемдесу мақсаттарына толық бейілділікті талап етеді.


Мемлекеттер, әсіресе кемсітушілік институционалдық сипатқа ие болған және тарих бойы тойтарыс көрмеген жағдайларда, мемлекеттік қызметкерлер, қоғамдық қайраткерлер мен мемлекеттік мекемелер үшін теңдік және кемсітушілікке жол бермеу мәселелері бойынша оқыту ұйымдастырулары қажет. Басым бағыттардың санына мектептер мен басқа білім беру мекемелері, қарулы күштер, полиция, соттық органдар, медициналық жұмыскерлер, заңдық қызметтер, саяси қауымдастықтар мен діни мекемелер кірулері тиіс.

Теңдік мәселелері бойынша оқыту институционалды кемсітушілік проблемасын шешуге бағытталған кең шаралар аясына кіруі мүмкін. Ол туралы қоғамдастыққа айқын хабарлап, мемлекеттік билік институттарына сенім құру мақсатында қолданатын шараларды көрсету қажет.

БАҚ-та плюрализм мен теңдікке бағытталған мемлекеттік саясат

Барлық мемлекеттер **әр түрлі және плюралистік БАҚ** үшін келесі қағидаттарға сәйкес көпбейнелік пен теңдікті көтермелейтін көпшілік және заңдық желісінің бар болуын қамтамасыз етулері қажет:

- Мұндай желі БАҚ-ты кез келген реттеу тек үкіметтен тәуелсіз, қоғамдыққа есеп беретін және анық түрде қызмет ететін органдармен жүзеге асырылуы тиіс деген негізді қағиданы құрметтеу қажет;
- Мұндай желі әр түрлі қоғамдастықтардың БАҚ пен ақпараттық және коммуникациялық технологияларға еркін жету, өз контентін өндіру және тираждау, сондай-ақ мемлекеттік шекаларға қарамастан, басқалар өндірген контентті алу мақсатында оларды еркін пайдалану құқығын көтермелеуі тиіс.⁶⁴



⁶⁴ Кемден қағидаттары, *op. cit.*, 5-қағидат.

Мұндай желі келесі шаралардың арқасында іске асырылуы қажет:


- Телефон, интернет пен электрді қоса алғанда, коммуникация және медиа-қызметтерді алу құралдарына жаппай және арзан қол жетімділікке жәрдемдесу;
- Газеталар, радио, теледидар станциялары мен басқа коммуникациялық желілерді орнату құқығына қатысты кемсітушілікті жою;
- Қоғамның жалпы хабар тарату қызметтерінің сұрыпталымын алуға мүмкіндігі болуы үшін әр түрлі алаңдарда хабар тарату мақсатында пайдалану үшін жеткілікті “кеңістік” беру;
- Қоғамдық, коммерциялық БАҚ және жергілікті қоғамдастықтар БАҚ бірге мәдениеттер, жергілікті қоғамдастықтар мен қоғамдағы пікірлердің көпбейнелігін болып көрінуі үшін олардың арасында хабар тарату жиіліктерін қоса алғанда, ресурстардың әділ бөлінісі;
- БАҚ реттейтін ұйымдарды басқару органдарының құрамы жалпы алғанда қоғамды қамтып көрсетуі талапы;
- Бұқаралық ақпарат құралдары тұлғалар мен компаниялардың шектеулі ортасында шектен тыс шоғырлануын болдырмау үшін тиімді тетіктерді орнату;
- Барлығы үшін сенімді, көпжақты әрі уақтылы ақпарат беруге және көпбейнелікке маңызды үлес қосатын және әр түрлі жергілікті қоғамдастықтар арасында диалогқа жәрдемдесетін материалдарды құруға жәрдемдесу үшін тәуелсіз және ашық процесс шеңберінде және объективті критерийлерге негізделген қаржылық және басқа мемлекеттік жәрдем беру;
- Нәтижесі әр түрлі қоғамдастықтарға арнайы бағытталған БАҚ жесеу немесе кедергі келтіру болып табылатын азшылықтардың тілдерін пайдалануға кез келген шектеулерді жою;

-
- Көпбейнелікті, соның ішінде БАҚ-тың әр түрлі қоғамдастықтарға бағытталуы тұрғысынан да, хабар тарату лицензиясына өтінімдерді қарастыру критерийлері қосу;
 - Кемсітілетін және маргиналданған топтардың медиаресурстарға, соның ішінде оқыту мүмкіндіктеріне тең қол жетімділігі бар болуын қамтамасыз ету.

Әрқашан да өзгеретін медиялық ландшафтта көпбейнелік, сөз бостандығы мен теңдікке кепіл болу үшін қоғамдық хабар тарату құндылықтары мемлекеттік немесе мемлекет бақылауындағы БАҚ-ты өзгерту, қоғамдық хабар тарату құрылымдарын күшейту арқылы және қоғамдық БАҚ үшін барабар қаржыландыру қамтамасыз ету арқылы қорғалуы және нығайтылуы қажет.

Қоғамдық білім беру және ақпараттық науқандар

Қоғамдық ақпараттық және білім беру науқандары адамдардың қорғалған мінездемелеріне сәйкес оларға қарсы кемсітушілік пен теріс таптаурындарға қарсы тұру үшін ерекше маңызды болып табылады. Нақты ақпаратқа негізделген мұндай науқандар таны-мал дақырттар мен жаңылыстарды жоюлары және күнділікті қатынасудағы шыдамсыздықты тану және даулау үшін қажетті өзіне сенушілікпен қаруландырулары мүмкін.



Атап айтқанда, қоғамдық ақпараттық және білім беру науқандары бастауыш, орта және жоғары **білім беру** желілеріне енгізілуі, және **қудалауға (буллинг) қарсы нақты саясатпен**, соның ішінде жолдастық бастамаларды қоса алғанда, буллинг құрбандарын қолдау құралдарын берумен толықтырылуы тиіс. Атап айтқанда, мектеп материалдарында пікірлердің/мәдениеттердің көпбейнелігін ескеруге назар аудару және белгілі топтарға қарсы бағытталған таптаурындар мен соқыр нанымдарды оқулықтарға қосудан қашқақтау қажет.

Трансформациялық сот төрелігі

Адам құқықтарын кең ауқымды бұзушылықтарынан, соның ішінде кең ауқымды және жүйелі кемсітушіліктен кейінгі кезеңдерде **ақиқатты анықтау, әділдікті қамтамасыз ету, татуласу және зиянды өтеу** тетіктері тарихи оқиғаларға қатысты “ақиқаттың” сенімді және барлығына ортақ түсіндірмесін анықтаудың оң құралдары ретінде көрсетіп, жікке бөлінген қоғамдарда татуласу үшін негіз береді.

Керісінше, ашық және инклюзивті пікірсайыс пен тарихи оқиғаларды сыни талқылау біржақты жарияланған немесе заңды түрде міндетті “ақиқат” пайдасына басылған жерде әр түрлі қоғамдастықтар арасындағы терең наразылық пен сенімсіздік сақталып, жанжалдың қайталуы қаупін құрулары мүмкін.

Мемлекеттер оқилардың, немесе жүйелі кемсітушіліктің не зорлықтың әсері мен мұрасын ресми және көпшілік алдында тану процесінде маңызды рөл атқарулары, сондай-ақ тиісті оқиғалардың салдарларын еңсеру және зиянды өтеуді қамтамасыз ету мақсатында **кейбір оқиғалар мен күндерді символикалық түрде атап өтулері** мүмкін. Бұл үшін жиі ескерткіштер сияқты көпшілік объектілері құрылады, сондай-ақ адамдарға өткенді түсініп, қабылдауға көмектесу үшін мейлінше кең күш-жігер салынады.



3) Басқа мүдделі тараптардың еркін бастамалары

Мемлекеттен басқа мүдделі тараптар да теңдік пен сөз бостандығын көтермелеуде және кемсітушілікті болдырмауда маңызды рөл атқарулары мүмкін. Олардың көбісі мұндай қызметті өздерінің корпоративті және/немесе әлеуметтік жауапкершілігінің орталық бөлігі ретінде көреді.

Азаматтық қоғамның бастамалары

Адам құқықтарын қорғау мен көтермелеуге жәрдемдесу азаматтық қоғамның өкілеттік саласының орталық элементі болып табылмаған кезде де, олар бұл салада өзекті рөл атқарады. Олардың қызметі ұқсас және әр түрлі тегі адамдар арасында формалды және формалды емес өзара іс-қимыл үшін жеке тұлғалар сөз бостандығы құқығын орындаулары және теңсіздік пен кемсітушілік оқиғаларына әрекет жасаулары мүмкін алаң беретін дәрежеде «қастастық тіліне» әрекет жасауда негізгі орын алуы мүмкін. Азаматтық қоғамның жергілікті, ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлердегі бастамалары шыдамсыздық пен зорлық оқиғаларын мониторингілеу және оларға әрекет ету, сондай-ақ «қастастық тіліне» қарсы тұру бойынша инновациялық және тиімді шаралар санына кіреді.

Азаматтық қоғамның бастамалары жиі кемсітушілік пен зорлықтан зиян шеккен адамдар мен қоғамдастықтармен әзірленіп, іске асырылады. Олар қоғамдыққа оң жолдау және оны ағарту, сондай-ақ кемсітушіліктің жаратылысы мен әсерін мониторингілеу үшін бірегей мүмкіндік береді. Осылайша, азаматтық қоғамның қызметі үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз ету ерекше маңызды болып табылады.

Беделді қатысушыларды жұмылдыру және институционалды альянстар

Қоғамның кемсітушілік пен оның салдардарын түсінушілігін көтермелеу мемлекетт-азаматтық қоғам мен жалпы қоғамның арасында диалог пен өзара іс-қимылға жәр-демдесуді талап етеді. Өзекті қатысушылар қоғамдағы шыдамсыздық пен соқыр нанымдарға қарсы бағытталған шараларды жүзеге асырудағы, атап айтқанда, үкімет-тік емес ұйымдар, полиция, мемлекеттік саясатты әзірлеушілер, теңдікті қамтамасыз етуге жауапты мекемелер, шығармашылық кәсіптің өкілдері, діни мекемелер мен халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау іздестіру арқылы, **ынтымақтастық үшін альянстар** құруға талпынулары қажет.

Тәуелсіз және плюралистік БАҚ-тың рөлі

БАҚ-қа арналған, «қастастық тіліне» қатысты кез келген саясат БАҚ-ты саяси әсерден тәуелсіз, қоғамға есеп беретін және өз қызметін ашық тәсілдермен жүзеге асыратын органдармен реттеу жөніндегі негізгі қағидатты құрметтеуі қажет. БАҚ-тың редакци-ялық тәуелсіздігі мен плюрализмі азап шекпеулері қажет, себебі олар демократи-ялық қоғамның қызметі үшін таптырмайтын болап табылады.

Хабар тарататын БАҚ-қа қатысты, кез келген реттеу желісі азшылықтар мен марги-налданған топтардың БАҚ пен ақпараттық және коммуникациялық технологияларға еркін қол жеткізу және өз материалдарын өндіру және таратау және шекараларға қарамастан басқарал өндiрген материалдарды алу үшін оларды пайдалану құқықта-рына жәрдемдесу қажет.⁶⁵

БАҚ-тың барлық түрлері қорғалған мінездемелердің мейлінше кең аясына қатысты кемсітушілікті болдырмау және теңдікке жәрдемдесу бойынша моральдықәне қоғам-дық жауапкершілігінің бар болуын мойындаулары қажет. Өз жарғыларына қатысты, БАҚ шаралар қолданулары қажет:⁶⁶

- олардың қызметкерлерінің штаты көпбейнелі болып, жалпы қоғамның мүдде-лерін қорғауын қамтамасыз ету үшін;
- қоғамдағы барлық топтарға байланысты мәселелерді мейлінше кең талдау үшін;
- әр түрлі қоғамдастықтарды тұтас құрылым ретінде көрсетудің ретінде олардың ішіндегі көпбейнелі көздер мен дауыстарға ұмтылу үшін;

⁶⁵ Кемден қағидаттары, *op. cit.*, 5-қағидат плюрализм мен теңдікті қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық базаны құру үшін мейлінше егжей-тегжейлі құралды қамтиды.

⁶⁶ Кемден қағидаттарының 6-қағидатына негізделген, *op. cit.*

-
- танылған кәсіби және этикалық стандарттарға жауап беретін ақпараттық қамтамасыз етудің жоғары стандарттарын сақтау үшін;
 - БАҚ пен журналистер үшін теңдік қағидаттарын сақтайтын кәсіби әдеп кодекстерін қабылдау және тиімді орындау үшін.

Кемсітушілікке белсенді түрде қарсы тұру үшін БАҚ келесі қадамдарды қарастырулары тиіс:

- мәнмәтінді ескере отырып және әдепті әрі фактілерге негізделген түрде ақпаратты жеткізу үшін күш-жігер салу;
- қоғамға кемсітушілік оқиғалары туралы мәлімдеу;
- жеке тұлғалар мен топтарға қатысты кемсітушілік пен теріс таптауындар БАҚ арқасында күшейтілуі мүмкіндігінің қауіпін түсіну;
- нәсіл, дін, гендер, сексуалды бағдарлық, гендерлік сәйкестік пен шыдамсыздықты көтермелеулері мүмкін басқа да топтық мінездемелеріне қажетсіз сілтемелерден қашқақтау;
- кемсітушілік пен теріс таптауындар келтіретін зиян туралы хабардарлықты көтеру;
- әр түрлі топтар мен қоғамдастықтар туралы репортаждар және олардың қатысушыларына оларды түсінуге жәрдемдесетін түрде пікір айту және естілу мүмкіндігін беріп, бұл топтар мен қоғамдастықтардың пікірлерін көрсету;
- БАҚ теңдікке жәрдемдесудегі атқаруы мүмкін рөлі және теріс таптауындардан қашқақтау қажеттілігі туралы хабардарлықты көтеретін кәсіптік даму бағдарламалары.⁶⁷

⁶⁷ Кемден қағидаттарының 9-қағидатына негізделеді, *op. cit.* Сондай-ақ АРТИКЛь19, [Getting the facts right: reporting ethnicity and religion](#), 2012 ж. мамыр, қараңыз.

Қоғамдық хабар тарату қызметтері жеке тұлғалар мен топтарға қатысты теріс таптау-рындардан қашақтаулары қажет, және олардың мандаты олардан топаралық өзара түсінушілікке жәрдемдесуді және әр түрлі қоғамдастықтар мен олар тап болатын проблемаларды мейлінше түсінуді тәрбиелеуді талап етуі қажет.

Сөз бостандығы мен теңдік құқықтарын қорғау мақсатында өзін-өзі реттеу тетіктері шеңберінде қол жетімді құқықтық қорғау құралдары ретінде жоққа шығару немесе жауап беру құқықтарына кепіл берілуі қажет. БАҚ органы жалған ақпаратты тараған жағдайларда, бұл тұлғаларға аталған органнан жоққа шығаруды жариялау немесе эфирде хабар беруді талап етуге мүмкіндік беруі тиіс.

Интернеттегі делдалдардың рөлі

Интернеттегі делдалдардың «қастастық тілін» анықтау мен оған әрекет жасаудағы рөліне назар жиі аударыла бастады.

Делдалдар, соның ішінде хостинг компаниялары, интернет-қызметтерін көрсе-тушілер, іздестіру желілері мен әлеуметтік желілер интернет арқылы ақпаратқа қол жеткізуде өзекті рөл атқарады. Көптеген жағдайларда, бұл көп елдерде бір уақытта жұмыс істейтін жеке компаниялар. Әдетте, олар пайдаланушылар жүзере асыратын коммуникацияға жәрдемдесіп, контентті құрумен және өзгертумен айналыспайды. Сонымен бірге, олардан контентті модерациялауға қатысу жиі талап етілуде. Кейбір жағдайларда бұл делдалдардан болжамды заңсыз контентті қадағалап, жоюды талап ететін, мемлекет тарапынан тікелей реттеу немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілік режимдерін енгізуді қамтиды. Бұл факторлар делдалдардың контентті мо-дерациялауына әсер етеді.

Сондай-ақ делдалдар өз қызметтерін пайдалану ережелерін бекіту бойынша ерікті бастамалар жасап, кейбір жағдайларда модератор рөлін сақтайды. Көбісі «қастастық тіліне» немесе ұқсас сөздерге тыйымдар салғанына қарамастан, мұндай «қағидалар мен шарттар» (кейде келісімшартқа ұқсамау үшін олар «қоғамдастық қағидалары» немесе «басқарушылық қағидаттар» деп аталады) олар шектейтін сөздер тұрғы-сынан бір-бірінен айрықша болады. Модерация жөніндегі тәсілдер, модерация про-цесінің ашықтық деңгейі мен модератордың шешіміне қарсылық білдіру үшін ішкі тетіктердің бар болуы бір-бірінен едәуір айрықша болады.

«Қастастық тілі» делдалдарымен жоюға өсіп келе жатқан үрдісті көтермелейтін көптеген факторлар бар деген пікір пайда болуда, солардың ішінде:

- мұндай заңнама жиі сөз бостандығы саласындағы халықаралық стандарттаға сәйкес келмейтініне қарамастан, кейбір елдер өз қатысуын сақтауысы немесе кеңейткісі келетін, делдалдардың саясатын ұлттық заңнамасымен сәйкес келтіруге қысым. Бұл жиі фрагменттелген стандарттарды немесе ең кіші ортақ бөлімге негізделген стандарттарды қолдануға әкеледі;
- «қастастық тілі» проблемасы бойынша мемлекетпен және, кейбір жағдайларда, қоғамдастықпен ынтымақтастықты және мәжбүрлеу әрі мейлінше қымбат бағалы реттеу түрлерінен қашқақтау мақсатында өзін-өзі реттеу арқылы контентті модерациялауда ынта көрсетуді қамтамасыз ету мақсатындағы қысым,
- болжамды «қастастық тілімен» байланысқысы келмейтін жарнама берушілер мен басқа кірістер көздері тарапынан қаржылық қысымға жауап беру.

Делдалдардың контентті, соның ішінде «қастастық тілін» модерациялаудағы рөліне қатысты алаңдаушылық үшін бірқатар себептер бар. Атап айтқанда, олар:

- **Сөз бостандығын қорғаудың жеткіліксіз тетіктері:** көптеген делдалдардың қағидалары мен шарттары мемлекет деңгейіндегі адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықпен санкция берілген шектеулерге қарағанда мейлінше кең сөздер аясын шектеуге тоқтайды. Мұндай «жасырын цензураның» аясы елеулі және барлық адам құқықтарын көтермелеу және қорғау бойынша моральдық және әлеуметтік міндеттемелер тұрғысынан проблемалық болып табылады. Делдалдарды мұндай міндеттемелерді маңызды деп көруге көтермелеу жиі сөз бостандығы құқығының мүдделерін елемейді. Сонымен бірге, негізгі уәжі пайда түсіру болып табылатын бизнестің шиеленісетін құқықтар мен мүдделерін әділетті бағалау үшін жарамдылығы жөнінде үлкен күмәндер бар.
- Делдалдардың контентті жою туралы шешімдерін қабылдау процесіндегі, соның ішінде контентті белгілеп, жоятын тәсілдерге (мысалы, контентті модерациялау автоматтандырылған ма, жоқ болса – модераторлар үшін қандай оқыту және қолдау бар) қатысты **ашықтық пен есеп берушіліктің жоқтығы.** Көптеген делдалдар мемлекеттің немесе басқа компаниялардың талабы бойынша жасалған жоюлардан керісінше, өз бастамасымен жасаған жоюлар туралы ақпаратты жарияламайды. Бұл делдалдардың мінез-құлығын талдау немесе «жасырын цензорлар» ретінде бағалау үшін үлкен шектеулер құрады.
- Контентті жою немесе делдалдар басқа санкцияларды қолданған жағдайларда **іс жүргізу кепілдіктері мен құқықтық қорғаудың тиімді құралдарына қол жет-**

кізілімнің жоқтығы. Мемлекеттер заңды түрде талап етуге құқығы жоқ контентті жоюды сұрату немесе олардың мәжбүрлеу мүмкіндіктерін шектейтін іс жүргізу кепілдіктерінен аттап өту мақсатында пайдаланушылардың болжамды заңсыз контент туралы хабарлау тетіктерін немесе жеке компанияларға қатысты өз ықпалын пайданулары мүмкін деген алаңдаушылық бар. Мемлекеттің контентті қадағалауды делдалдарға табыстау пайдаланушыларды оларға қарсы санкциялармен келіспеу немесе өзін қорғауға дәлелдер келтіру мүмкіндігінен айырады.

Соңғы жылдары пайдаланушыларға заңға немесе делдалдың қағидаларына болжамды қарсы келетін «қастастық тілін» жою мақсатында ол туралы хабарлау мүмкіндігін беру жөніндегі көптеген бастамалар пайда болғанына қарамастан, пайдаланушыларға контентті әділетсіз немесе қисынсыз жоюға қарсы тұру мүмкіндіктерін беру бойынша салыстырмалы жетістіктер жоқ. Көптеген делдалдар пайдаланушыларды контентті жою туралы хабардар етпей, себептерін түсіндірмейді деген пікір пайда болуда. Жоюдан басқа делдалдар қолданатын аккаунттарды тоқтату немесе бұғаттау сияқты басқа санкциялар хабарлама немесе шағым жасау не құқықтық қорғау мүмкіндігімен сирек сүйемелденеді.

- **Пікірлері көпшілік мақұлдағанға қарсы келетін немесе азшылықта болған пайдаланушыларға жоюлардың сәйкессіз ықпалы:** делдалдар модерациясының көптеген желілері пайдаланушылардың хабарламаларына сүйенетініне байланысты азшылықтағы немесе көпшілік мақұлдағанға қарсы келетін пікірлер шағымдардың көбірек санын тартып, осылайша, жоюға мейлінше осал болып табылады. Осылайша, «қастастық тілінің» адресаттары болып табылатын пайдаланушылардың өзі заңсыз контент туралы хабарламалар тетіктерінің нысаналары ретінде ірітелулері және жоюлар мен олардың аккаунтарына қарсы санкциялардан сәйкессіз зардап шегулері мүмкін. Бұл контент туралы хабарлайтын интернеттің көптеген пайдаланушылары өз соқыр нанымдарына байланысты жойғысы келетін контентті заңсыз және зиянды контенттен айыра алмайды немесе айырғысы келмейтінін мүмкін деген фактіі көрсетеді.

АРИКЛЬ 19 **Рағи қағидаттарына**⁶⁸ сәйкес адам делдалдарды адам құқықтарына жәрдемдесу және оларды қорғау саласындағы өз әлеуметтік және моральдік жауапкершілігін маңызды қарауға көтермелейді.

Осыған орай, біз дәлелдерді ерікті өзін-өзі реттеу ретінде келесі қадамдарға көтермелейміз:

- өз ережелері мен шарттарына адам құқықтары, соның ішінде сөз бостандығы және теңдік пен кемсітпеушілік құқықтарына жәрдемдесу және олардың қорғауға қатаң бейілділікті қосу;
- әлеуметтік желіде аккаунт ашу үшін «шын есімін» қолдануды немесе жеке басты куәландыратын құжаттарды беруді талап етпей, пайдаланушылардың анонимдікке құқығын үнсіз келісім бойынша қамтамасыз ету;
- пайдаланушылардың шектеуге тап болатын контенттің түрлерін түсінулері үшін контентке қатысты кез келген шектеулер ережелер мен шарттарда анық және түсінікті стильде анықталғанын қамтамасыз ету;
- контентті жою мен аккаунты тоқтатуды қоса алғанда, пайдаланушыларға санкцияларды қолданудың әр процесі ережелер мен шарттарда анық жазылғанын қамтамасыз ету;
- делдалдың негізгі құрал ретінде контентті жою орнында пайдаланушыларды «қастастық тіліне» әрекет жасауға және онымен келіспеуге көтермелеу тетіктерін зерттеу; бұл пайдаланушылардың сөз бостандығы және теңдік пен кемсітпеушілік құқықтарының маңыздылығы туралы хабардарлығын көтеруді қамтуы мүмкін;
- пайдаланушылардан контент туралы шағым арыз беру кезінде жеткілікті ақпарат беру талап ету, соның ішінде: (i) келіспейтін контент; (ii) контентті жоюды сұрату себептері; (iii) арыз беруші туралы ақпарат; (iv) адалдық/ақ ниеттілік туралы декларация;
- ережелер мен шарттардың «қастастық тіліне» қатысты аталған құралдың 3-бөлігінде атап өтілген стандарттарды мейлінше көрсететін, шектеулерді қолданудың жоғары шегін қолдануын қамтамасыз ету;

⁶⁸ Адам құқықтары үшін халықаралық федерация, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңес Адам құқықтары аспектісінде кәсіпкершілік қызметтің басқарушы қағидаттырн қабылдайды. Сонымен бірге, құрбандар әлі күнге дейін құқықтық қорғаудың тиімді тәсілдерін күтуде, 2011 ж. 17 маусым.

-
- пайдаланушының аталған әлеуметтік желідегі бұрынғы мінез-құлығы және болжамды бұзушылықтан зиянды ескере отырып, ережелер мен шарттады бұзатындарға қандай болса да санкцияларды қолданудағы мөлшерлестікті қамтамасыз ету; тоқтату соңғы шара болуы тиіс;
 - санкцияларды қолдануға дейін дауласу мүмкіндігімен бірге пайдаланушылардың өз контентіне қатысты шағымның бар болуы туралы жеткілікті түрде егжей-тегжейлі алдын ала хабарлама алуын қамтамасыз ету. Алдын ала хабарлама жоқ болса, делдалдар кем дегенде содан соңғы контентті жою факті, соның ішінде себептер мен қолданыстағы ішкі шағымдану рәсімдері туралы хабарлама берулері тиіс.

Әр түрлі топтар арасындағы байыпты диалогтың рөлі

Байыпты топаралық диалогтың жоқтығы және оның арқасындағы оқшаулау мен жабықтық “қастастық тілі” кең таралып, зорлық, қастастық пен кемсітушілікке азғыру мейлінше ықтимал болып жатқан, топаралық егестерде елеулі фактор ретінде атап өтіледі.

Әр түрлі топтар арасындағы, атап айтқанда, әр түрлі діни қоғамдастықтар арасындағы ұзақ және толыққанды диалог топтар арасындағы қарым-қатынаста шиеленісушілік пен сезіктілікті азайтып, тиімді профилактикалық құрал болуы мүмкін. Топаралық егестер зорлық пен кемсітушілік актілеріне азғыру деңгейіне жеткен немесе мұндай актілерді орындау бұрында болған кездегі жағдайларда ерекше пайдалы болуы мүмкін. Алайда диалог тиімді болуы үшін ол символикалық емес, нағыз пікір алмасу үшін алаң беріп, айырмашылықтар мен қайшылықтарды талқылауға мүмкін беруі тиіс. Сондай-ақ диалог “дәстүрлі” көшбасшылардан басқа қоғамдастықтардың басқа өкілдерінің қатысуына мүмкіндік беріп, кең болуы тиіс.

Сонымен бірге, топаралық диалогтан бөлек қоғамдастықтар арасындағы формалды емес өзара іс-қимыл, мысалы, спорт және мәдени алмасу мәнмәтінінде, немесе ортақ мүдде болып табылатын тәжірибелік мәселелерді шешуге арналған, сенім мен жақсы қарым-қатынастарды құрудың маңызды түрі бола алады. Топаралық диалог пен тілдесу саласындағы бастамалардың ықпалы мемлекеттен көпшілік қолдау алғанда өсуі мүмкін.

Формалды және формалды емес “диалогтардан” басқа, әр түрлі қоғамдастықтардың өкілдері, әсіресе діни және басқа көшбасшылар шыдамсыздық пен кемсітушілікке қарсы көпшілік алдында сөз айтуға өкілетті болулары тиіс. Шыдамсыздық пен кемсітушіліктің жақтаушылары өздерін белгілі қоғамдастықтардың немесе мүдделер топтарының өкілдері немесе олардың пікірлер айтушылары ретінде көрсеткенде бұл ерекше маңызды болып табылады. Діни көшбасшылар мен жергілікті қоғамдастықтардың көшбасшылары мұндай наразылықтарды әшкерелеу ғана емес, дауға елеулі қатысып, осылайша, дәлелді контрнарратив ұсыну үшін лайық қасиеттерге ие.

III Бөлім: «Қастастық тілін» шектеу



Берілген бөлімде біз алдыңғы бөлімдерде сипатталған «қастастық пирамидасындағы» ең «елеулі» санатына жататын пікірлерге қойылатын шектеулерге қатысты талаптарды түсіндіреміз.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сай, сөз бостандығы абсолютті болып табылмайды, және ерекше жағдайларда ХАСҚП-ның 19(3) Бабымен бекітілген үш бөлімнен тұратын тесттен өткен жағдайда шектелінуі мүмкін. Осылайша, кез келген мемлекет тарапынан «қастастық тілін» шектеуді көздейтін әрекеттер:

1. **заңмен бекітілген болуы:** кез келген заң немесе заңға тәуелді акт азаматтарға өз тәртібін қадағалауға мүмкіндік беретіндей айқын тұжырымдалуы тиіс;
2. **келесі заңды мақсаттардың бірін көздеуі тиіс:** басқа адамдардың құқықтары мен абыройын құрметтеу және мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікті қамтамасыз ету;
3. **демократиялық қоғамда міндетті болуы тиіс,** және бұл өз кезегінде мемлекет тарапынан бұл нақты жағдайға қатысты қауіптің дәл сипатын анықтап, сонымен қатар, қабылданған шаралардың қажеттілігі мен ұйқастығын, атап айтқанда айтылған сөз бен қауіптің арасындағы тікелей байланысты анықтауын қажет етеді.

Кез келген «қастастық тілін» шектеу үшін аталған үш бөлімдік тексерудің әрқайсысының элементтерін орындауы тиіс. Бұған халықаралық құқық жекеше түрде мемлекетті «қастастық тілінің» белгілі бір түріне, атап айтқанда, **тікелей және жария түрде геноцидқа шақыру** және кемсітушілікке, қастастыққа және зорлыққа шақыру болып табылатын кемсітушілік қастастықтың кез келген насихат түрлеріне тыйым салуға міндеттеген кездер кіреді.

Сонымен бірге, «қастастық тілінің» барлық түрі заңды түрде шектеуге жатпайтынын, және көп жағдайда, мұндай пікірлер ерекше намысқа тиетініне қарамастан, сөз бостандығы құқығымен қорғалатынын есте сақтау қажет (**I Бөлімді** қараңыз).

Геноцидті орындауға тікелей және жария түрде азғыру

Геноцид жайындағы конвенцияның 3(с) бабы мемлекеттерді қылмыстық тәртіпте геноцид әрекеттерімен қатар, «геноцидты іске асыруға тікелей және жария түрде азғыруға» қылмыстық тәртіпте тыйым салып, жазасын беруге міндеттейді. Алдында айтылғандай, бұл міндеттеме Халықаралық қылмыстық сотының жарғысында және БҰҰ арнайы халықаралық қылмыстық трибуналдарының жарғыларында да бекітілген.

Геноцид (тек қана өлтірумен шектелмейтін) «белгілі бір ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты толығымен немесе ішінара жоюға бағытталған» келесі әрекеттің⁶⁹ бес түрінің бірімен анықталады. Қорғаулы сипаттамалар бұл жағдайда адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықпен мойындалған сипаттамалар шеңберіне қарағанда әлде қайда шектеулі.

Тікелей және жария түрдегі геноцидты іске асыруға азғыру үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін бірнеше басты элементтердің болуының дәлелі қажет. Олар геноцидты іске асыруға арандатушылық пен «қастастық тілінің» басқа онша ауыр емес түрлерінен айыруға мүмкіндік беретіндіктен маңызды болып табылады. Халықаралық деңгейде БҰҰ арнайы халықаралық қылмыстық трибуналдары берілген қылмысқа берілетін қылмыстық жауапкершілікке кепіл беретін әрқайсысы орын алуға міндетті келесі бес элементті айқындаған:

- **Жария:** басқа тұлғаларды геноцидты іске асыруға азғыратын сөздер «жария» түрде болуы қажет, яғни ақпаратты қоғамдық орында тарату немесе қоғамға немесе оның бөлігіне БАҚ және сандық технология арқылы бағыттау орын алуы тиіс⁷⁰.
- **Тікелей:** айтылған сөздер «тікелей» болуы, яғни олардың мазмұны айтылған сөз бен геноцидтың орын алу қаупінің арасындағы тығыз байланысты көрсететіндей анық іске шақыруы тиіс. Дегенмен, жасырын немесе жанама айтылған сөздер де геноцидқа тура азғыра алатындықтан, «тікелей» деген ашық дегенді білдірмейді⁷¹.

⁶⁹ Геноцид жөніндегі Конвенцияның 2 Бабы әрекеттердің келесі бес түрін атайды: (a) аталған топтың мүшелерін өлтіру; (b) аталған топтардың мүшелерінің денелеріне немесе психологиялық саулықтарына зақым келтіру; (c) аталған топтарға әдейі оларды толығымен немесе ішінара жоюға бағытталған тұрмыс жағдайды жасау; (d) аталған топтың арасында ұрпақ тууды болдырмауға бағытталған шаралар; (e) аталған топтың балаларын күштеп басқа топтарға беру.

⁷⁰ PXT, *Prosecutor v. Nahimana, Barayagwiz and Ngeze*, 2003 ж. 3 желтоқсан, ICTR-99-52-T (Trial Chamber)

⁷¹ PXT, *Prosecutor v. Akayesu*, Case No. ICTR-96-4-T, Judgment (Trial Chamber), 2 қыркүйек 1998 ж., 557 тармақ

-
- **Ниет:** айтылған сөздердің авторының геноцидқа азғыруға ниетінің және геноцид әрекеттерінің орын алуына сенімі болуы қажет. Ол үшін автор әдейі геноцидқа шақыратын және толығымен немесе ішінара белгілі бір ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты топ ретінде жоюға немесе, кем дегенде «[геноцидтың] орын алуы оның іс-әрекеттерінің ықтимал нәтижесі бола алатындығын түсінуі» тиіс.⁷²
 - Геноцид шын мәнінде орын алуы міндетті емес, себебі, жауапкершілікке тарту үшін **геноцидтың орын алуының ықтималдығын туғызу** жеткілікті.⁷³ Геноцид орын алған жағдайда, геноцидқа азғыру әрекеттері геноцид әрекеттерінің өзі болып саналып⁷⁴, жеке немесе қосымша азғыруға немесе ортақтас болу үшін айыптауға алып келе алады.

Халықаралық құқық мемлекеттерден тікелей және жария түрдегі геноцидты орындауға азғыру үшін жауапкершіліктің баламалы және әкімшілік немесе азаматтық құқық аясында соншалықты қатаң емес түрлерін қарастырмай, қылмыстық жауапкершілікті енгізуді талап етеді.

Геноцид жөніндегі конвенция сөз бостандығын қорғау жайлы ешқандай бір ережелерді қарастырмайды. Алайда, төтенше жағдай жарияланбаған жағдайда, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқыққа сәйкес, кез келген азғыру үшін қылмыстық айыптау ХАСҚП 19(3) бабында көрсетілген үш бөлімнен тұратын тесттің⁷⁵ талаптарына сәйкес болуы тиіс, және бұл қатарлас халықаралық гуманитарлық құқық қолданыла алатын қарулы қақтығыс мәнмәтініне де қатысты.

Халықаралық қылмыстық құқықта «азғыру» іс жүзінде қылмыстық айыпталатын зақымның асырылуын қажет етпейтін қылмыстық істің бастапқы⁷⁶ түрі ретінде басқа халықаралық қылмыстарға қатысты қарастырылмағанын атап өту маңызды. Кей-

⁷² БЮХТ, *Prosecutor v. Naletilić and Martinović*, Case No.IT-98-34-T, Judgement trial (Trial Chamber), 31 наурыз 2003 ж., 60 тармақ

⁷³ РХТ, *Akayesu, op.cit.*, 562 тармақ

⁷⁴ РХТ, *Prosecutor v. Ferdinand Nahimana, Jean-Bosco Barayagwiza and Hassan Ngeze*, Case No. ICTR-99-52-T6 Judgement and Sentence (Trial Chamber), 3 желтоқсан 2003 ж., 1015 тармақ.

⁷⁵ ХАСҚП 20(3) бабының азғыру мәнмәтінінде сипатталған алты бөлімнен тұратын тест сонымен қатар геноцидқа азғыру үшін қажетті әдейі ниетпен жасалған геноцидқа азғыру жағдайларын талдау үшін пайдалы бола алады.

⁷⁶ «Бастапқы» сөзі «жаңа ғана басталған» немесе «толық жетілмеген», «аяқталмаған» немесе «жеткілікті қалыптаспаған» нәрсені білдіреді, және бұл жағдайда аяқталмаған, бірақ негізгі, яғни іске асыруға ниеті болған қылмыс пен қасақана зақым келтіру орын алмағанына қарамастан, іске асырылған болып табылатын нормативтік-құқықтық ережелерді бұзулармен байланысты. Мысалы, A.Ashworth, *Principles of Criminal Law*, Oxford University Press 2003 (4th ed.), 445 бет қараңыз.

бір қылмыстық істерге қатысты бастамашылық тұжырымдамасы қолданылғанымен, ол асырылған әрекет бастамашының алдағы қылмыстық іске қатысты ниеті болған жағдайда жай ғана қауіп-қатер мен оның іске асырылуының ықтималдығымен шектеліп қоймай, іс жүзіндегі қылмысты орындаумен елеулі қатынаста болуын алап етеді. Дегенмен, ұлттық құқықта, «азғыру» көбінесе кез келген қылмысқа ортақтастық болып саналады. Осылайша, «қудалау» сияқты кемсітушілікке негізделген халықаралық қылмыстардың басқа түрлеріне азғыру мемлекетпен тыйым салынуы мүмкін «қастастық тілі» түрлерінің спектрінің шеңберінде қарастырылуы тиіс.

Кемсітушілікке, дұшпандыққа және зорлыққа азғыратын кемсітуші қастастыққа негізделген насихат

ХАСҚП 20(2) бабы мемлекеттерді «**кемсітушілікке, дұшпандыққа және зорлыққа азғыру түріндегі ұлттық, нәсілдік немесе діни қастастыққа шақыратын кез келген сөздерге**» заңды түрде тыйым салуға міндеттейді.⁷⁷

20(2) баптың іске асырылуы іс жүзінде біршама мемлекеттердің сөз бостандығына байланысты алаңдаушылықтарын білдіретін ХАСҚП 20(2) бабына қатысты ескертпелерін енгізуінде көрініс тапқан көптеген қарамақайшылықтар мен түсініксіздікке әкелді⁷⁸. Ұлттық заңнамалар мен олардың іске асырылуы 20(2) баптың түсініктемесі мен оның ережелерінің орындалуындағы айырмашылықтарға әкеледі, және бұл мәселе соттардың ұлттық деңгейдегі жүйесіз жұмыс атқаруы мен Адам құқықтары комитетінің тарапынан нұсқаулық түсініктемелердің толығымен жоқ болуымен одан арман үдейе түседі.⁷⁹

Баптың іске асырылуудағы мәселелер іс жүзінде қарама-қайшы нәтижелерге әкеледі: бір жағынан, азғырудың аса қауіпті жағдайларында жауапкершілікке тартылмау, ал екінші жағынан, заңды түрде айтылған сөздер үшін жауапкершілікке тарту мақсатымен бұлыңғыр заң ережелерін артығымен қолдану (азшылықтарды құдалау да кіреді).

⁷⁷ Осыған дейін АРТИКЛЬ 19 ХАСҚП 20(2) бабында көрсетілген міндеттемеге сілтеу үшін қысқаша «дұшпандыққа азғыру» сөз тіркесін қолданған. Алайда, кей кезде бұл «дұшпандықтың» өзі тиым салынған нәтиже екен деген қате ойға әкеліп соққан. Ол олай емес: қастастыққа шақыруға ол тек кемсітушілік, дұшпандық немесе зорлық сияқты тиым салынған нәтижелерге азғыру болып табылғанда ғана тиым салыну қажет.

⁷⁸ Мысалы, Аустралия, Бельгия, Люксембург, Мальта, Жаңа Зеландия, Ұлыбритания және АҚШ.

⁷⁹ Комитетпен қабылданған Канадаға қарсы екі шағымға қатысты шешімдер мен Францияға қарсы және антисемиттік сөздерге тиым салуға қатысты әрбір үш шешімнің әрқайсысында әр түрлі тәсілдемелер қолданылған. Жалпы түсініктемеде Комитеттің #34 тәсілдемесіне түсініктеме берілмеген.

БҰҰ Рабаттық іс-әрекет жоспары (Рабаттық жоспар) бұл мәселелерді айқындап, **16/18 Қарарда** нақтырақ тұжырымдалған мемлекеттердің «дін немесе сенім негізіндегі болуы ақиқат зорлыққа азғыруды қылмыстық іс ретінде тану үшін шара қолдануға»⁸⁰ саяси міндеттемелеріне сәйкес, ХАСҚП 20(2) бабын іске асырудағы ұсыныстары мен тұжырымдамаларын ұсынған⁸¹. Рабаттық жоспарға енгізілген ұсыныстар АРТИКЛЬ 19-дың бұл сараптамалық барысындағы жасаған 2012 жылы шыққан «Кемсітушілікке, дұшпандыққа және наразылыққа азғыруға тыйым салу» атты саясаттың қағидалары жайлы құжат түріндегі үлесіне негізделген.

Рабаттық жоспарға және оның қабылдануынан кейінгі бұл мәселелерді талқылаудың негізінде АРТИКЛЬ 19 келесі негізгі ұсыныстарды ұсынады:

ХАСҚП 20(2) бабының өзекті элементтері

Кемсітушілікке, дұшпандыққа және зорлыққа азғыру түріндегі ұлттық, нәсілдік немесе діни қастастыққа шақыратын кез келген сөздерге заңмен тыйым салыну қажет.

ХАСҚП 20(2) бабына қатысты түсініспеушілікті еңсеру үшін, бұл тыйым салуды негізгі құрамдас бөліктерге бөліп қарастырған тиімді болады. Біз бұл элементтердің әр қайсысы ХАСҚП 20(2) қолданатын ұлттық заңнамада я тікелей қарастырылуы, я (талқылау барысында) тұспалдануы тиіс деген пікірді ұстанамыз. Сонымен қатар, қылмыстық-құқықтық шаралар ерекшелік ретінде және ауыр жағдайларда ақтық шара ретінде ғана қолданып, әкімшілік-құқықтық және балама құралдар қолжетімді болуы тиіс.

⁸⁰ 16/18 Қарар, *op.cit.*, қарарлы тармақ 5(f).


⁸¹ Бұл 16/18 Қарарда нақтырақ тұжырымдалған мемлекеттердің «дін немесе сенім негізіндегі болуы ақиқат зорлыққа азғыруды қылмыстық іс ретінде тану үшін шара қолдануға» саяси міндеттемелеріне сәйкес келеді.

ХАСҚП 20(2) негізіндегі тыйым салу келесі элементтердің болуын талап етеді:

- **-Айтылған сөз авторының мінез-құлқы:** айтылған сөздің авторы қоғам алдында сөз сөйлеп, оның сөздері:
 - үгіт насихаттан
 - қорғаулы сипаттамаларға негізделген қорғаулы топтарға қарсы бағытталған қастастықтан
 - кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғырудан тұруы қажет.
- **Айтылған сөз авторының ниеті:** айтылған сөздің авторының
 - Кемсітушілікке негізделген қастастыққа шақыратын үндеуге әдейі ниеті болуы,
 - Қоғамды кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыруға ниеті болуы немесе қоғам оның сөздерінің нәтижесінде сондай әрекеттерге баруға түрткі алу ықтималдығын түсінуі қажет.
- Қастастыққа шақырудың нәтижесінде, **қоғам тыйым салынған әрекеттерді шын мәнінде іске асырудың ықтимал және аса жақын төнген қаупі.** Төменде берілген «Қауіптілік дәрежесін» өлшейтін алты бөлімнен тұратын тест азғыру қаупі негізделген шектеулер салуға қажетті дәрежеге жеткен-жетпегенін өлшеу үшін ыңғайлы.

Бұл элементтердің әр қайсысы төменде талқыланады.

Азғыру үш негізгі қатысушылардың арасындағы қатынастан тұрады: қоғам алдында кемсітушілікке негізделген қастастыққа шақыратын **«сөздің авторы»**, кемсітушілік, қастастық немесе зорлық әрекеттерін іске асыруы мүмкін **«аудитория»** мүшелері; осы әрекеттер соларға қарсы орындалуы мүмкін **«сөздердің мақсатты топтары»**.



Сөз авторының мінез-құлқы

- **Насихат** «жария түрде белгілі бір топқа қарсы қастастыққа итермелеу ниеті» ретінде анықталуы тиіс.⁸² «Үлес қосу» идеясы насихаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ол жай ғана бір пікірді айтып қана қоймай, басқаларды сол бір пікірді немесе ойлау жолын қабылдауға итермелеуді білдіреді. Бұл қатынас құралдарының ауыз-екі және жазбаша және сандық байланыс сияқты кез келген түрі арқылы іске асырыла алады.

Насихат мысалдары



Белгілі тұлға өзінің желідегі парақшасын мигранттарға қарсы қара ниетті таптаурындар мен ойларды қайталай отырып агрессивті пікірлерін бірнеше рет қатарынан жариялау үшін қолданады.

Насихатты жеке тұлғаға оның қорғаулы сипаттамаларының болуының негізінде бағытталған және басқа аудитория болмаған кездегі **кемсітушілік қатігез қарым-қатынастан** немесе тіл тигізуден айыра білу қажет.

Кемсітушілік тіл тигізудің мысалдары



Журналист саяси жанжалға қатысты жазылған мақаласына сілтемені жариялағанның нәтижесінде бірқатар өз басына бағытталған сексистік және намысқа тиетін хабарламаларды алады.

Кей жағдайларда өзге адамдармен байқалған бір тұлғаның жасаған қатігез қарым-қатынастары немесе тіл тигізулері тыйым салынған әрекетке әкелетін «қастастық насихаты» болып қарастырылуы мүмкін. Мысалы, ол бандаға ұқсас жағдайларда ықпалы жоғары топ бастаушы бар кезде орын алуы мүмкін: бір тұлғамен бастамасымен айтылған кемсітушілік тіл тигізулер көбінесе тыйым салынған әрекетке итермелеу мақсатымен басқаларды қосылуға мәжбүрлейді.

⁸² Кемдендік қағидалар, *op.cit.*, 12.1 Қағида.; немесе Сөз бостандығы жөніндегі Арнайы баяндамашының баяндамасы 2012 жыл., *op.cit.*, 44(b) тармақ

-
- **Өшпенділік:** белгілі бір мақсатты топқа қарсы қорғаулы сипаттамаларының негізінде «қарқынды және ақылға қонымсыз ашу, қастастық және жиіркенушілік сезімдерімен» сипатталатын **психикалық жағдай** ретінде түсінілуі қажет.⁸³

Тыйым салу мақсатында 20(2) бабына сай «қастастық» сөздің авторының сол сөздің мақсатты тобына қатысты психикалық жағдайымен және автор тыйым салынған әрекетті орындауға көндіруге ынталанған аудиторияның психологиялық жағдайымен байланысты. Бұл сөз бағытталған мақсат тобы «қастастық тілімен» кездескенде сезінетін реніш немесе қорлану сезімдерінен бөлек болып табылады, және ол сезімдерден қорғау 20(2) баптың мақсаттарына жатпайды.

- **Өшпенділіктің түрі** де маңызды. ХАСҚП 20(2) бабы тек «**ұлттық, нәсілдік немесе діни** қастастықты насихаттауды» ғана қарастырады, бірақ, жоғарыда айтылғандай, біз бұл тізімнің кеңірек жеке тұлғаға немесе топқа қарсы «кез келген кемсітушілік қастастықтың насихаты» ретінде қарастырылуын ұсынамыз. Бұл ХАСҚП 20(2) бабын 2(1) бапта кеңірек анықталған кемсітушілікке қарсы ережелер мен ХАСҚП-ның 26 бабының⁸⁴ аясында талқылануына және басқа да кемсітушілік мәселелерін қарастыратын халықаралық-құқықтық құжаттарға негізделі отырып, барлық адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықпен мойындалған қорғаулы сипаттамаларды қамтуға мүмкіндік беретін еді.

⁸³ *Ibid.*, икемделген.

⁸⁴ *Ibid.* Бұл жөнінде Адам құқықтары жөніндегі комитет әлі өз пікірін тікелей білдірген жоқ. Алайда, аталған талқылау, ХАСҚП бүкіл әлемдегі теңдік үшін көптеген қозғалыстар барлық адамдарды адам құқықтары мен қамтамасыз етудегі елеулі прогреске қол жеткізгенге дейін қабылданғанын ескерсек, Пакт қабылданғаннан бергі адам құқықтарын қорғаудағы тенденцияларға сәйкес келеді. Содан бері ол тікелей аталмаған негіздерді қамтитын кең ауқымда теңдікті қолдайтын қағида ретінде қарастырылып келеді. Сонымен қатар, бұл дайындалған немесе қабылданған кездегі басым болған нормаларға негізделген келісімшарт ретінде емес, есесіне «бүгінгі таңдағы жағдайға» сүйенген адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың талқылауына сәйкес келеді.

-
- **Азғыру:** ХАСҚП 20(2) бабы кемсітушілікті насихаттауға тура тыйым салмайды. Ол тек **зорлыққа, қастастыққа немесе кемсітушілікке азғыратын** кемсітушілік қастастықтың насихатын ғана қарастырады. Тыйым салынған нәтиженің орын алу қажеттілігі болмағанымен, іс жүзінде «азғыру» термині қастастық насихаты «[мақсатты топқа] жататын тұлғаларға қатысты тікелей кемсітушілік, қастастық немесе зорлық қаупін» тудыруды қажет етеді деген білдіреді.⁸⁵
 - 20(2) бап негізінен нысан ретінде таңдалған топ, болған оқиғаның орын алуына тәуелсіз, сондай сөздердің нәтижесінде сезінуі мүмкін қорлану немесе намыс-абыройына тию сезімінен бөлек болып табылатын, есесіне аудитория, айтылған сөздердің нәтижесінде, мақсат тобы болып табылатын топқа олардың қорғаулы сипаттамаларының негізінде қарсы әрекеттер жасау қаупіне көңіл аударады.⁸⁶

Тыйым салынған нәтижелер болып келесілер қарастырылуы қажет:

- **Кемсітушілік** мақсаты немесе нәтижесі тең шарттарда саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да қоғамдық өмір салаларындағы адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын пайдалану мен жүзеге асыруды жою немесе азғыру болып табылатын, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықпен бекітілген қорғаулы сипаттамалар⁸⁷ негізіндегі «кез келген бөлектеу, аластау, шектеу немесе артықшылық» әрекеттері ретінде қарастырылуы тиіс.⁸⁸
- **Зорлық** «қасақана жеке тұлғаға, топқа немесе қауымдастыққа қарсы дене зақымына, өлімге, психологиялық зақымға, дамудың бұзылуына немесе мұқтаждыққа әкелетін я әкелуге ықтимал күш көрсету немесе үстемдік көрсету» болып табылады.⁸⁹

⁸⁵ Кемден қағидалары, 12.1.iii қағида.

⁸⁶ Рабат жоспары сөз нысаны мен субъекті және аудитория арасындағы ұш жақты қарым-қатынасты іске асыруға» сілтейді.

⁸⁷ АРТИКЛЬ 19 қорғаулы сипаттамаларды кең түрде қарастырады. I Қосымшаманы қараңыз.

⁸⁸ Кемден қағидалары, *op.cit.*, 12.1 қағида.

⁸⁹ Бұл анықтама Дүниежүзілік денсаулық ұйымымен зорлыққа Дүниежүзілік зорлық пен денсаулық жөніндегі баяндамасында 2002 берілген анықтамасының икемделген нұсқасы болып табылады.

-
- **Қастастық** жай ғана аса ауыр психикалық жағдай емес, «іске асырылған аса ауыр психикалық жағдай» ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл түсініктің зорлықтан айырмашылығы оның зорлық көрсетуге, құдалауға және жеке меншікті бүлдіруге қорқытудың да жатуында.⁹⁰

Кез келген қастастыққа негізделген кемсітушілік сөздердің айтылуына тыйым салатын, немесе «қастастық тілінің» оның нысаны болып табылатын топтың сезімдеріне тигізетін әсеріне ғана негізделген ұлттық заңнамадағы кез келген ережелер елеулі деңгейде ХАСҚП-мен қарастырылған тыйым салудың шектерінен тыс шығады. Сол сияқты, ХАСҚП-да бекітілген тыйым салынған нәтижелерді кеңінен талқыланатын түсініктерді енгізу арқылы өзгерту олардың теріс пайдалануына әкелетіндіктен, заңсыз болып табылады; мысалы «қоғамдық тыныштықты» сақтау үшін немесе «қозғалыстардан» немесе «діншіл адамдар арасындағы бөлінуден» сақтау үшін енгізілетін өзгертулер.⁹¹

Сөз авторының ниеті

Қастастыққа толы сөздің авторының өзгелерді кемсітушілік, қастастық және зорлық әрекеттерін іске асыруға итермелеу ниеті ХАСҚП 20(2) бабымен тыйым салынған азғырудың негізгі және анықтаушы құрамы болып табылуы тиіс. Ұлттық заңнама азғыру түріндегі қылмыс абайсыздықпен немесе немқұрайлықпен жасалған қылмыс емес⁹², қасақана жасалған қылмыс түрі екенін әрқашан да тікелей орнатуы тиіс.⁹³

⁹⁰ 2009 жылғы Кемден қағидаларында «қастастық» (hostility) қастастық (hatred) сияқты қарастырылған. Алайда, кейінгі талқылаулар мен талдаулардың нәтижесінде біздің 2012 жылғы құжатымызға жаңартылған орындалған іс-әрекетті қажет ететін анықтама енгізілген. "Prohibiting incitement to discrimination, hostility or violence", *op.cit.*, 19 бет.

⁹¹ Сөз бостандығы жөніндегі арнайы баяндаушының баяндамасы 2013 жыл, *op.cit.*, 51 тармақ

⁹² АРТИКЛЬ 19 көптеген мемлекеттердің заңнамалары ниетті азғырудың негізгі құрамы ретінде танытынын атап өтеді, мысалы, Ұлыбритания, Ирландия, Канада, Кипр, Мальта және Португалия.

⁹³ Кейбір заңнамалық жүйелерде «қасақана» және «мақсатты түрде» деп көрсетілген.

Ниеттің анықтамасы халықаралық құқықта да, ұлттық заңнама жүйелерінде де табылмағандықтан⁹⁴, АРТИКЛЬ 19 кез келген ниет анықтамасы келесілерден тұрады деп санайды:

- Қастастықты насихаттауды жүзеге асыру ниеті;
- Қорғаулы сипаттамасының негізіндегі қорғалатын топты нысан ретінде таңдау ниеті;
- Берілген мәнмәтінде берілген уақытта бұл сөз тыйым салынған нәтижеге: кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа алып келу ықтималдығынан хабардар болу.

Қауіптілік дәрежесі

Рабат жоспарына кіретін алты бөлімнен тұратын тест АРТИКЛЬ 19-бен аталған сөзге негізделген тыйым салу үшін қандай жағдайда зорлық, қастастық немесе кемсітушілік қауіп жетерлік деңгейде болатынын анықтау үшін дайындалған. Тест келесі критерийлерден тұрады:

1. **Айтылған сөздің мәнмәтіні:** айтылған сөз жария болған саяси, экономикалық және әлеуметтік мәнмәтін шеңберінде қарастырылуы тиіс⁹⁵, себебі ол ниетке тікелей әсер етіп онымен себептік қатынаста болады. Мәнмәтіндік анализ өзгерлермен қоса, келесілерді ескеру қажет:
 - қоғамдағы жанжалдың болуы, мысалы сөздің мақсат тобы болып табылатын топқа қарсы болған соңғы уақытта болған зорлық оқиғалары;

⁹⁴ Бір де бір халықаралық шарттық орган азғыруға тиым салу мақсатында «ниет» ұғымына анықтама бермеген. Халықаралық қылмыстық құқық пен ұлттық қылмыстық құқықта қолданылатын әдіс айтылған сөздің авторы саналы түрде қылмыстық әрекеттің объективті элементтеріне әкеліп соғу ниетімен айтқан жағдайларда қылмыстық жауапкершілікпен қамтамасыз етуге негізделген.

⁹⁵ Тоби Мендель атап өткендей, «Жалпы түсініктер дұрыс тұжырымдамаларға әкеле алатынымен, қай мәнмәтін тиым салынған нәтижеге үлесін қосатыны жайлы қолданыстағы сот тәжірибесінің негізінде қандай да бір жалпы тұжырымдар жасау қиын. Шын мәнінде, кейде халықаралық соттар мәнмәтінге негізделген шешімдерінің әділ дәлелдемесін берудің орнына, мәнмәтіндік факторлардың іріктемесін өз шешімдерінің үлесіне қолданатын сияқты. Бәлкім, мүмкін мәнмәтінді құрайтын тым үлкен факторлар жиынтығы оны сөзсіз етеді». Toby Mendel, Study on International Standards Relating to Incitement to Genocide or Racial Hatred (2006).

-
- институционалдық кемсітушіліктің болуы немесе өткенде болу тарихы, мысалы соттар мен құқық қорғау органдарында;
 - кемсітушілікке қарсы заңнамаларда мақсат тобының қорғаулы сипаттамаларының танылуы немесе танылмауы кіретін құқықтық база;
 - БАҚ-тағы көрініс, мысалы, балама ақпарат көздерінің жоқтығындағы сөздердің мақсат тобы болып табылатын топтар жайлы оларды жаман жағынан көрсететін репортаждардың жиі болуы;
 - саяси көрініс, әсіресе сайлау жақындығы және бұл мәнмәтіндегі сәйкестік саясатының маңыздылығы және сөз нысаны болған топтың пікірлерінің ресми саяси үрдістерде көрініс табуы.
2. **Сөздердің авторы:** автордың мәртебесі және олардың сөздерінің қуаты мен аудиторияға әсері маңызды болып табылады. Әсіресе сөз авторы саясаткер немесе саяси партияның ахуалды мүшесі, лауазымды тұлға немесе ұқсас мәртебесі бар (мысалы, ұстаздар немесе діни жетекшілер) сияқты тұлғалар болуын өздерінің тұлғаларына қаратылған зор бөлінген көңілге немесе қоршаған ортасына тигізетін үлкен ықпалы үшін ескеру қажет. Мұндай саралау аудитория мен автордың арасындағы қарым-қатынасты және автор қарсы шыққан топтарды қосқандағы әр түрлі қауымдастықтардың арасындағы сезімталдық пен үрей деңгейін және аудиторияның билік өкілдерінің сөздерін қабылдау деңгейін қарастыруы тиіс.⁹⁶
3. **Ниет:** жоғарыда айқындалғандай, (i) қастастық насихатын жүргізу ниетінің болуы қажет; (ii) нысан ретінде қорғаулы сипаттамаларының болуы негізінде белгілі бір топты таңдау ниетінің; (iii) өз әрекеттерінің салдарынан және бұл салдар оқиғаның дұрыс өрбуінде (яғни, ешқандай күтпеген өзгерістер мен оқиғалар орын алмаған жағдайда) болатынынан немесе бола алатынынан хабардар болу. Бұл жайлы істің мән-жайы мен мәнмәтінің⁹⁷ негізінде басқалардың арасында сөздің қолданысын, көлемі мен айтылған сөздің қайталануын және оның авторының кез келген жария етілген мақсатын ескере отырып пайымдау қажет. Ниетті анықтау үшін бейқамдық пен немқұрайлық жеткіліксіз; осылайша, жай ғана байқаусыздықта немесе алаңғасарлықпен айтылған (мысалы, сәтсіз әзіл сияқты) немесе мақсаты әлде қайда күрделі болып табылатын (сықақ түрінде мысқылдау, толғануға итермелеу немесе бар жағдайға қарсы шығу, соның ішінде көркемдік әдістер арқылы.

⁹⁶ Susan Benesh, *Dangerous Speech: A Proposal to Tackle Violence*, 2011, қараңыз.

⁹⁷ ЕАҚС, *Jersild v. Denmark*, No. 15890/89, 1994 ж. 23 қыркүйек, 31-тармақ.

-
4. **Сөз мазмұны:** айтылған сөздің мазмұны маңызды болып табылады, бұған сөздің түрі мен стилі, кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа тура немесе жанама түрде шақыру және келтірілген деректер мен олардың арасындағы баланс кіреді. Ерекше маңызды болып айтылған сөздің, әсіресе азғыру жанама түрде болған кезде, аудиториямен қабылдануы болып табылады. Халықаралық стандарттар айтылудың белгілі бір формалары, атап айтқанда, көркемсөз, қоғамдық маңызы зор және ғылыми пікірталас, деректерді келтіру және пайымды пікір «шектеуге аз мүмкіндік»⁹⁸ беретінін мойындайды.
5. **Айтылған сөздің деңгейі мен маңыздылығы:** талдау айтылған сөздің жариялылығын⁹⁹, қолданылған құралдарын, оның жиілігі мен қамтуымен (мысалы, бір кітапша негізгі БАҚ хабарына қарағанда немесе бір реттік тарату көп реттік таратуға қарағанда) сипатталатын күші мен деңгейін зерттеу қажет. Егер айтылған сөз БАҚ арқылы таратылса, халықаралық стандарттарға сай БАҚ бостандығын ескеру қажет.¹⁰⁰

⁹⁸ ЕАКС, *Erbakan v. Turkey*, No. 59405/00, 6 маусым 2006 ж., 68 тармақ.

⁹⁹ АРТИКЛЬ 19 бұған айтылған сөз қаншалықты таралғанын, жария немесе тар шеңберде айтылғанын, кіру үшін билет талап ететін жабық шарада әлде ашық қоғамдық жерде болғанын, айқындалмаған (кең) аудиторияға арналғанын әлде қоғамдық жердегі шектелген тұлғалардың санына немесе жалпы халыққа арналғанын енгізуді ұсынады.

¹⁰⁰ ЕАКС атап өткендей, «БАҚ өзгелердің қатарында мемлекеттің аса маңызды мүдделерін қорғау үшін бекітілген шекарадан аттап өтпеу керек, дегенмен, оның міндеті – қоғамдық пікірді бөлсе де, саяси мәселелер жөніндегі ақпарат пен идеяларды тарату болып табылады. Сондай ақпарат пен идеяларды тарату тек БАҚ міндеті болып қана қоймай, қауым ондай ақпаратты алуға да құқылы. Ақпарат пен идеяларды қабылдау бостандығы қоғамға өздерінің көшбасшылары жайында толығырақ біліп, өз ойларының қалыптасуына ең жақсы мүмкіндік береді. *Halis Dogan v. Turkey*. App. No. 71984/01 (2006)

-
6. **Болуы сөзсіз зақымның орын алу ықтималдығы:** кемсітушіліктің, қастастықтың немесе зорлықтың орын алу ықтималдығының жетерліктей деңгейі болуы қажет, алайда бұл тыйым салынған нәтиже шын мәнінде орын алуын қажет етпейді. Шын мәніндегі зақым келтіру қылмыстық істерде ауырлататын іс-жайлар ретінде қарастырылуы мүмкін. Аталған критерийге келесілер кіреді:
- Аудиторияның қастастық насихатын кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыру ретінде қабылдауы;
 - Сөз авторының аудиторияға әсер ету қабілеті;
 - Аудиторияда кемсітушілік, қастастық немесе зорлық әрекеттерін орындау үшін құралдарының болуы;
 - Соңғы уақыттағы азғырудың нәтижесінде қастастыққа толы сөздің нысаны болып табылатын топқа қарсы кемсітушілік, қастастық немесе зорлық оқиғаларының орын алуы;
 - Айтылған сөздің себепті әсерін күмәндандыратын қастастыққа толы сөз бен кемсітушілік әрекетінің арасындағы өткен уақыттың ұзақ болуы.¹⁰¹

¹⁰¹ Susan Benesh, *op.cit.* салыстырыңыз.

Азғыру үшін құқықтық санкциялар қылмыстық жазамен ғана шектелмеуі қажет

АРТИКЛЬ 19 санауынша, азғыру үшін санкциялар негізінен азаматтық құқық пен әкімшілік құқық шеңберінде, ал қылмыстық жаза тек ақтық шара ретінде және тек аса ауыр жағдайларда ғана қолданылуы тиіс.

- **Азаматтық-құқықтық санкциялар**¹⁰² көбінесе зардап шеккен адамға бағытталып, кемсітушілікке, қастастыққа немесе зорлыққа азғыру түріндегі кемсітушілік өшпенділігінің насихатының орын алған жағдайында келтірілген зиянның орнын толтыруға мүмкіндік береді. Кез келген зорлыққа, қастастыққа немесе кемсітушілікке азғыру түріндегі кемсітушілік өшпенділігіне насихаттаудан зардап шеккен адамды құқықтық қорғау құралдары материалдық және бейматериалдық¹⁰³ зиянның орнын толтыру мен, егер азғыру БАҚ-та таратылған жағдайда, жалған екенін жариялап жауап қайтаруға мүмкіндік беруі тиіс¹⁰⁴. Мемлекеттер сонымен қатар қоғамдық ұйымдарға сәйкес жағдайларда азаматтық қуыным және кемсітушілікке қатысты істерде ұжымдық қуыным беруге мүмкіндік беруі қажет. Бұл аталған оқу құралының кемсітушілікке жол бермеу бойынша заңнамалық әдістеме түсіндірілетін **II Бөлімінде** келтірілген әр бір шарадан тұратын жалпы кемсітушілікке қарсы жүйенің бөлігі болуы қажет.

¹⁰² Аталған ұсыныс **Racial Equality Directive (2000/43/EC) against discrimination on grounds of race and ethnic origin** құжатында берілген талаптарға негізделген.

¹⁰³ Еуропа кеңесінің министрлерінің комитетінің No. R 97(20) қастастықті тұтандыру жөніндегі ұсыныстары, 2 Қағида. Зиянның орнын толтыру сөз бостандығына шектейтін қарсы әсер етпеу үшін мөлшерге сай және қатаң түрде негізделіп себептемелі болуы тиіс.

¹⁰⁴ *Ibid.*, 2 Қағида. Сонымен қатар, Кемден қағидаларының 7 қағидасы, *op.cit.* Егер алғашқы қате немесе шындыққа жатпайтын деректердің хабары немесе көрсетілімі бұл адамның танылған құқықтарына бас сұққан жағдайы мен ол деректерден бас тарту зиянның орнын толтыра алмаған жағдайда, жауап қайтару құқығы әр адамға өзінің жауабын БАҚ арқылы таратуға мүмкіндік береді. Аталған құрал өзінің нәтижесі ретінде диалогты шектеудің орнына, оған ынталандыруды көздейді.

-
- **Азаматтық санкциялар** да БАҚ және коммуникация мәселелері жөніндегі кеңестермен бекітілген тұтынушылар құқықтарын қорғау органдарымен және басқа реттеуші органдармен ережелердің мәжбүрлі түрде орындалуы мақсатында қарастырылуы қажет. Саясаткер, шенеунік және мемлекеттік қызметкерлер (мысалы, мұғалімдер) үшін формалды мінез-құлық кодексі мен жұмысқа қабылдау тәртібін құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұндай шаралар әр деңгейлі билік өкілдерінің мүмкіндігінше кемсітушілікті мадақтайтын немесе теңдік пен мәдениаралық түсіністікке зиян келтіретін сөздерден өзін-өзін тоқтатуға шақыратын қағиданы қолдаулары қажет. Санкциялар жария кешірім сұрау өкімі түрінде болуы мүмкін (бірақ бұл автоматты түрде кінәлі ретінде тану мен басқа санкциялардан босатпауы қажет). Қоғамдық хабар таратуға қатысты әкімшілік санкциялар жүйесі жеке адамдар мен топтар жайлы теріс таптауындардың таралуынан аулақ болу міндетін қарастыруына болады. Бұған жалған екені жайлы мәлімдемені басып шығару міндеті, жауап қайтару құқығымен қамтамасыз ету, әкімшілік шешімнің қорытындыларын жариялау үшін эфирлік уақытпен қамтамасыз ету және айыппұл салу кіре алады.
 - Сондай қатаң емес санкциялар көзделген нәтижеге қол жеткізуге шамасы болған жағдайда **қылмыстық құқықтан** бас тартқан жөн. Көптеген елдердің тәжірибелерінің көрсетуі бойынша, азғыру нәтижесінде болған зақымға реакция ретінде азаматтық-құқықтық және әкімшілік санкциялар көбірек жарайды.¹⁰⁵ Сонымен қатар соттар, құқық қорғау органдары және басқа мемлекеттік органдардың қылмыстық қарастыруда әділеттілекті орнату үшін зардап шеккен адамның пікірін ескеруі аса маңызды. Олар сонымен қоса зардап шегушілерді істі қарастыруға оған қатысты қоғамдық топтардың өкілдеріне консультативтік тұжырымдамаларды өткізу арқылы үшінші тарап ретінде шығу сияқты басқа да амалдар арқылы қатыстыруы қажет.

¹⁰⁵ Мысалы, Бразилияда құқық қолдану органдарындағы институционалдық әділетсіздікке байланысты қылмыстық құқықтың жарамсыздығын көрсеткен, ал азаматтық қуыным жағдайларында санкциялар тиімді түрде қолданылады, Tanya Hernandez, *Hate Speech and the Language of Racism in Latin America*, 32 U. Pa. J. Int'l L. 805 2010-2011 қараңыз.

ХАСҚП 19(3) бабына сай «қастастық тіліне» тыйым салу


АРТИКЛЬ 19 кей жағдайларда сөз 20(2) бап бойынша «азғыру» деңгейіне мемлекет тарапынан мұндай сөздерді шектеуге бағытталған нақты шараларды қажет ететіндей деңгейге жетпеуі мүмкін екенін мойындайды.

Адам құқықтары саласындағы жалпыға ортақ және аймақтық құқықтық стандарттарға сай мұндай «қастастық тілі» ХАСҚП 19(3) бабында аталып өткен бірқатар негіздерге сай, атап айтқанда өзге тұлғалардың құқықтары мен қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатымен шектелуі мүмкін:

- **Қорғаулы топқа қарсы бағытталған «қастастық тілі»:** атап айтқанда бұл ақпарат таратушы БАҚ-тағы, білім мекемелеріндегі және сайлау-алды «қастастық тілі» сияқты белгілі бір мәнмәтіндерде қолданылады.
- **Жеке тұлғаларға қарсы бағытталған «қастастық тілі»:** кей жағдайларда «қастастық тілі» ешбір «қастастықты насихаттаусыз-ақ» жеке тұлғаларға қарсы бағытталуы мүмкін. Бұндай сөздер көбінесе әйелдерге және басқа да шеттетілген топтар мен азшылықтарға қарсы бағытталған. Олар басым жағдайда жойқын кемсітушілік сипатқа ие болып, нысан болып табылатын тұлғалардың ар-намысына қатты тиіп, зақым келтіретіндей болуы мүмкін. Кей жағдайларда олар шабуыл, зорлықпен қорқыту немесе қудалау түрінде болып нысан болып табылатын тұлғаның психологиялық және дене саулығына зақым тигізуі мүмкін.

Бұндай әрекет елеулі дене немесе психологиялық зақым келтіруінің қауіп тудырған жағдайда, шектеулер өмір сүруге құқығын қорғау, адамгершілікке жатпайтын я адамның қадір-қасиетін кемсітетін қатынастан қорғау үшін, жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығын және/немесе теңдікке құқығын қорғау үшін орынды болып табылады.

Бұндай «қастастық тілі» ХАСҚП 20(2) бабындағы «азғыруды» ұшжақты үлгісінен қандай айырмашылығы бар екенін көрсету маңызды. Жоғарыда көрсетілген алты бөлімнен тұратын «азғыруды» анықтайтын тест сөйлеу әрекеті тек қастастық сөзінің авторы мен оның нысаны болып табылатын тұлғаны ғана қамтитындықтан жарамсыз болып табылады.



Қорқыту мен қудалау кемсітушілікке және «қағастық тіліне» осал адамдарға мөлшерсіз әсер ететінімен, қорқыту мен қудалаудың барлығы дерлік ағат пікірлілікке негізделіп, қағастықпен сипаттала бермейді. Демек, осындай оқиғаларға әрекет ету үшін енгізілген жалпы қорқыту мен қудалауға салынған тыйым жеткілікті болуы мүмкін, бірақ осындай әрекеттердегі ағат пікірліліктің пиғылын мойындайтын қандай да бір механизмнің болмауы жоюға жататын кемшілік болып табылады.

АРТИКЛЬ 19 сөз бостандығының белгілі бір мәнмәтіндердегі шектелуі мен қорқыту мен қудалауға тыйым салу көп жағдайда тым кең сипатқа ие болып, теріс қолданысқа жол беретініне алаңдаушылығын білдіреді. Олар адамдардың өздері келіспейтін пікірлердің айтылуынан немесе оларды тіл тигізуден, немесе қолында билігі бар адамдарды заңға сыйымды сыннан арасалау үшін қолданылуы мүмкін.

Аталған мәнмәтіндерге қатысты халықаралық консенсус жоқ. Басқа негіздерге сүйенген кез келген осындай шектеулер тек жоғарыда көрсетілген үш бөлімді тестке сәйкестігінің мөлшеріне сай заңды болып санала алады.

АРТИКЛЬ 19 бұл әдістемелерді олар көзделген нақты мәнмәтіндерден тыс қолданысының кеңейтілуіне және осындай жайларға бағытталған ерекше әрі дербестендірілген нормативтік тәсілдемелердің қолданылуына абайлықпен қарауға шақырады.

Қосымша I: Құқықтық құралдар

Құқықтық құрал	Жалпы ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар	«Қастастық тіліне» тыйым салатын ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар
Геноцидтың алдын алу мен оның жазасы туралы конвенция	2 Бап «геноцид» ретінде онда берілген бес әрекет түрінің ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты «толығымен немесе ішінара көзін жою мақсатымен орындалған» кез келгеніне тыйым салады.	3(с) бабы 2 бапта көрсетілген қорғаулы сипаттамалар негізіндегі «геноцидқа тура және қоғамдық азғыруға» тыйым салады.
Халықаралық қылмыстық соттың Рим статуты	Қорғаулы сипаттамалардың ең кең спектрі белгілі бір топқа қарсы «саяси, нәсілдік, ұлттық, мәдени, діни, гендерлік» немесе «басқа да халықаралық құқықпен барлық жерде кешірілмейтін болып саналатын сылтаулармен» іске асырыла алатын «қудалау» қылмысының құрамына кіреді. (7(1)(h) және 7(2) (g) баптары).	25(3) бап «азғыруға» тек геноцидқа қатысты тыйым салып, басқа халықаралық қылмыстарға азғыруға тура тыйым салуды қарастырмайды.

Құқықтық құрал	Жалпы ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар	«Қастастық тіліне» тыйым салатын ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар
<p>Халықаралық нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция</p>	<p>1 бап нәсілдік, тері түсі, туу, ұлттық немесе этностық белгілерге негізделген кемсітуді мойындайды.</p>	<p>(4) бап мемлекеттерден «белгілі бір нәсілдің немесе белгілі бір тері түсіне ие адамдар тобының немесе этностық топтың үстемдік идеялары мен тұжырымдарына негізделген немесе нәсілдік қастастық пен кемсітушіліктің қандай да бір түрін ақтауға тырысатын немесе ынталандыратын кез келген насихаттау әрекеттері мен барлық ұйымдарды» жауапкершілікке тартып, «сондай кемсітушілік пен кемсітушілік әрекеттеріне азғыруды жоюға бағытталған шұғыл әрі оң шараларды осы мақсатпен АҚЖОД-тағы қағидалар мен 6 бабында айқын көрсетілген құқықтарға сай қабылдауға» талап етеді.</p> <p>Дегенмен, Нәсілдік кемсітушілікті жою бойынша комитет 1 бапта аталған барлық белгілер негізіндегі «қастастық тілінің» мәселесімен айналысып, діни, гендерлік және байырғы жұртқа жату белгісіне негізделген қиылысқан кемсітушілікті мойындайды¹⁰⁶. Сонымен қатар, Комитет сексуалды бағдарлық пен гендер негізіндегі «қастастық тіліне» тыйым салуды қолдайды.¹⁰⁷</p>

¹⁰⁶ НКЖК, Жалпы ұсыныс No. 35 op.cit., 6 тармақ.

¹⁰⁷ НКЖК, Румыния бойынша қорытынды ескертпелер, CERD/C/ROU/CO/16-19, 13 қыркүйек 2010 жыл, 4 тармақ.

Құқықтық құрал	Жалпы ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар	«Қастастық тіліне» тыйым салатын ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар
<p>Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция</p>	<p>2 бапқа сай, қатысушы мемлекеттер «әйелдерге қарсы кемсітушіліктің барлық формаларын айыптап, кідіртпей барлық тиісті шаралармен әйелдерге қарсы кемсітушілікті жою саясатын іске асыруы» тиіс. 1 бап «әйелдерге қарсы кемсітушілікті» «әйелдердің отбасы жағдайына қарамастан, әйелдер мен еркектер теңдігі негізіндегі, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және басқа да салалардағы адам құқықтары мен бостандықтарын әлсіретуге бағытталған немесе мойындауын, қолданысын я жүзеге асырылуын жоққа шығаратын кез келген жыныстық белгілері бойынша ерекшелу, шеттету немесе шектеу әрекеттері» деп анықтайды.</p>	<p>Тікелей әйелдерге қатысты «қастастық тіліне» тыйым салатын ереже жоқ. Дегенмен:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2(b) бабы мемлекеттерден «тиісті заңды және басқа да қажет болғанда әйелдерге қарсы кез келген кемсітушілікке тыйым салатын санкцияларды қосатын шараларды қабылдауды» талап етеді. - 2(f) бабы мемлекеттерден «әйелдерге қатысты кемсітушілік болып табылатын қолданыстағы заңдар, қаулылар, әдет-ғұрыптар мен дағдыларды өзгерту немесе жою үшін» барлық тиісті шараларды қолдануды талап етеді. - 5 бабы мемлекеттерден «әйелдер мен еркектер жайлы таптаурындарға немесе бір жыныстың олқылығы мен үстемдігі идеяларына негізделген нанымдар мен тәжірибелерді жою мақсатымен әйелдер мен еркектердің әлеуметтік және мәдени мінез-құлық модельдерін өзгертуді» талап етеді.¹⁰⁸

¹⁰⁸ «Саяси және қоғамдық өмір» жайлы #23 Жалпы ұсыныста ӘЖЖҚ қоғамдық өмірге толыққанды қатысуға кедергі ретінде «өзгелердің арасында әсіресе БАҚ арқылы таптаурындарды туғызуды» көрсетті. #19 «әйелдерге қатысты зорлық» жайлы жалпы ұсыныста Комитет «БАҚ әйелдерге құрметпен қарап, оларды құрметтеуге насихаттау үшін» тиімді шараларды қолдануды ұсынды. Комитет оған жолданған баяндамаларда мемлекеттен әйелдерге қарсы зорлықты тудыратын және басқа да одан туындайтын зорлық түрлеріне себеп болатын әдет-ғұрыптар мен тәжірибелердің сипаты мен қатынасын деңгейін көрсетуді сұрайды. Өзінің қорытынды тұжырымдамаларында Комитет мемлекеттерді «әйелдердің бейнесіне қатысты таптаурындарды жою мақсатында, әсіресе олар әйел денсаулығына зиян келтіретін жағдайларды БАҚ-пен жұмыс өткізуге» және «БАҚ-тағы, соның ішінде интернет форумдар мен әлеуметтік желідегі этностық азшылықтардан немесе басқа да әлеуметтік топтардан шыққан әйелдер мен қыз балаларға озбырлық тиісулерге қарсы әрекеттерді күшейтуге» үндейді (ӘЖЖҚ, Финляндияның жетінші кезеңдік баяндамасы бойынша қорытынды ескертулер, CEDAW/C/FIN/CO/7, 28 ақпан 2014 ж., 15 тармақ). Комитет этностық азшылықтардан шыққан әйелдерге қатысты интерсекционалды кемсітушілікке көңіл аударғанымен, ол әлі де осы мәселе бойынша мысалы бисексуалды, лесбиан және трансгендерлі әйелдерге қатысты өз пікірін шығарған жоқ.

Құқықтық құрал	Жалпы ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар	«Қастастық тіліне» тыйым салатын ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар
<p>Азаптауларға және басқа да қатігез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты тіл тигізетін іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция</p>	<p>1 бап азаптаудың негізі ретінде «кез келген сипаттағы кемсітушілікті» қорғаулы сипаттамаларды түгендемей қарастырады. Комитет келесі белгілердің кез келгені мен жыныстың қиылысуын ескере отырып, осы тізімді қабылдады: нәсіл, тері түсі, этностық тегі, жасы, діни көзқарастар мен дін тұту, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, жыныс, сексуалдық бағдар, гендерлік жеке сәйкестік, психикалық немесе өзге де бұзылулар, денсаулық жайы, экономикалық қызметке қатысу, жергілікті байырғы ұлтқа жату, қамауға алынған адамның қылмыс түрі, оның ішінде саяси қылмыстар мен лаңкестік әрекеттері үшін айыпталғандар, баспана іздеушілер, қашқындар немесе басқа да халықаралық қорғау аясындағы тұлғалар немесе басқа да жағдай немесе жағымсыз белгі.¹⁰⁹</p>	<p>Тікелей «қастастық тіліне» тыйым салатын ереже жоқ. Бірақ, 16 бап мемлекеттерден «азаптау анықтамасына жатпайтын қатігез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты тіл тигізетін іс-әрекеттер мен жазалаудың басқа да әрекеттерінің алдын алуды» талап етеді. Азаптауға қарсы комитет жеке мемлекеттерге қастастық негізіндегі қылмыстарға «шыдамсыздық және қастастық пен зорлыққа азғыру» әрекеттері ретінде Азаптауларға қарсы конвенцияның 16 бабындағы міндеттемелерге сай жауапкершілікті енгізуді ұсынады.¹¹⁰</p>

¹⁰⁹ Азаптауға қарсы комитет, #2 Жалпы тәртіптегі ескерту, CAT/C/GC/2, 24 қаңтар 2008 ж., V бөлім.

¹¹⁰ Молдова бойынша қорытынды ескертулер. CAT/C/MDA/CO/2, 27 тармақ; Польша бойынша қорытынды ескертулер, CAT/C/POL/CO/4, 20 тармақ; Моңғолия бойынша қорытынды ескертулер, CAT/C/MNG/CO/1, 25 тармақ. АРТИКЛЬ 19 Комитет «өшпенділік негізіндегі қылмыстар», «шыдамсыздық», «өшпенділікке азғыру» және «қастастық тілі» сияқты терминдерге анықтама бермей, тиісті құқықтардың арасындағы дұрыс тепе-теңдікті қалай табу жайлы ұсыныстарын бермегенін ескертеді.

Құқықтық құрал	Жалпы ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар	«Қастастық тіліне» тыйым салатын ережелердегі мойындалған қорғаулы сипаттамалар
Мүгедектер құқықтары туралы конвенция	Мүгедектік бойынша кемсітуді жою міндеттемесін мойындайды.	Тікелей «қастастық тіліне» тыйым салатын ереже жоқ. Дегенмен, мемлекеттер «мүгедектерге» қатысты, оның ішінде жынысы мен жасына негізделген, өмірдің барлық салаларында таптаурындарға, нанымдарға және зиянды салттарға қарсы күрес жүргізу үшін кідіртпей тиімді және тиісті шараларды қолдануға» тиісті.
БҰҰ жергілікті байырғы ұлттар құқықтары туралы декларациясы	2 бап «жергілікті ұлттарға жататын тұлғалар және ұлттар бос және басқа да барлық ұлттармен және олардан шыққан жеке тұлғалармен тең, және өздерінің құқықтарын жүзеге асыруда кез келген кемсітушіліктен, әсіресе олардың байырғы шығу тегі мен өзгешеліктерінің негізіндегі кемсітушіліктен бос болуға құқылы» деп кепіл береді.	8(2)(е) бап мемлекеттерден «мақсаты нәсілдік немесе этностық кемсітушілікке ынталандыру немесе азғыру болып табылатын [байырғы ұлттар мен оларға жататын тұлғаларға қарсы] насихаттың кез келген нысанына» қатысты алдын алу мен құқықтық қорғау тәртібімен қамтамасыз етуді талап етеді.



DEFENDING FREEDOM OF EXPRESSION AND INFORMATION

ARTICLE 19 Free Word Centre 60 Farringdon Road London EC1R 3GA

T +44 20 7324 2500 F +44 20 7490 0566

E info@article19.org W www.article19.org Tw [@article19org](https://twitter.com/article19org) Fb facebook.com/article19org